

(2025 жылғы «18» шілдедегі №552 БСОХ,
2025 жылғы «04» шілдедегі № 519 БСОХ,
2026 жылғы «31» наурыздағы № 149 БСОХ
сәйкес өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып)

АҒЫМДАҒЫ БАНКТІК ШОТТЫҢ ҚОСЫЛУ ШАРТЫ

Шарттың осы үлгісі стандартты (үлгілі) болып табылады. Осы Шарттың талаптары стандартты үлгіде белгіленіп, Клиент оны тек қана Банктік шотты ашуға және Банктің www.halykbank.kz сайтында жарияланған нысан бойынша ағымдағы банктік шот шартына қосылу туралы Клиенттің өтініш-сауалнамасына (бұдан әрі – 1-өтініш) қол қою арқылы қабылдауы мүмкін. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жасалатын Қосылу шарты болып табылады. Бұл ретте 1-өтініш және Шарт бірыңғай құжат ретінде қаралады.

Клиент 1-өтінішке қол қою арқылы Шартқа қосылады. Клиенттің, оның өкіл(дер)інің 1-өтінішке қойған қолы, Банк оған ұсынған Шарттың, оның ішінде Шарттың қосымшасының талаптарымен Клиент танысқанын және www.halykbank.kz электрондық мекенжайында орналасқан Шартқа қосылу жолымен ғана жалпы қабылдайды дегенді білдіреді.

Банкте 1-өтініш бойынша ағымдағы шот болған жағдайда, Клиент Шарт шеңберінде бұрын ағымдағы шот/шоттар ашылған валютада екінші және кейінгі ағымдағы шоттарды ашуға, немесе өзге валютада Шартқа 1-қосымшаға сай нысан бойынша өтініштің (бұдан әрі – 2-өтініш) негізінде ашуға құқылы. Бұл ретте Шарттың талаптары 1-өтініш бойынша ашылған ағымдағы шотқа және Клиент кейін 2-өтініш бойынша ашқан әрбір ағымдағы шотқа қолданылады.

Жасалған Шарт бойынша 1-өтініш, 2-өтініш бойынша ашылған ағымдағы шоттар бойынша қызметтер көрсетіледі, операциялар орындалады.

Осы Шарт Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және Банк пен Клиент арасындағы өзге де құқықтық қатынастарды орнатады, ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу және жабу бойынша операцияларды Банктің жүргізуі (жинақ ақша шоттары мен олар бойынша карталық операциялар көрсетілетін карталық базадағы ағымдағы шоттардан басқа), Клиентке төлем қызметтерін көрсету, Клиенттің операцияларды орындау, Банктің Клиентке өзге банктік қызметтерді көрсету тәртібін белгілейді.

Осы Шарт ағымдағы банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу, төлем қызметтерін көрсету, операцияларды орындау үшін, Клиенттер – Қазақстан Республикасының резиденттері – заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының, өкілдіктерінің, дара кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – заңды тұлғалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасында филиалдары, өкілдіктері арқылы өз қызметін жүзеге асыратын, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің ағымдағы банктік шоттарын жүргізуге байланысты басқа да қызметтерді көрсету үшін пайдаланылады.

1-бап. Пайдаланылатын терминдер

1.1. Шарттың мәтінінде тікелей басқасы болмаса, осы Шарттың мәтінінде пайдаланылатын терминдер Шарттың төмендегі кестесінде берілген ұғымға ие.

АДМ	автоматты депозитарлық машина, ол арқылы Клиенттің қолма-қол ақшасы қабылдап алынады
Автокасса	Onlinebank жүйесінде шығарылған штрих-код бойынша не Банк бөлімшесінде ағымдағы шотқа қолма-қол ақша қабылдау/ағымдағы шоттан беру операцияларын жүргізуге арналған құрылғы
Банк	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, оның ішінде оның филиалдары
Үзінді көшірме	тиісті түрде ресімделген және Банктің мөртаңбасымен куәландырылған белгілі бір уақыт мерзіміндегі Шоттың жағдайы туралы құжат (қағаз тасығышта немесе электрондық түрде)
МДБ	Мемлекеттік деректер базасы - бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін тіркеу есебі, деректерді автоматтандырылған жинау, сақтау және өңдеу үшін құрылған Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары туралы ақпаратты бірыңғай тіркеу және сақтау жүйесі
«Халық» тобы	Банк және оның еншілес ұйымдары
Қолданыстағы заңнама	Қазақстан Республикасының заңнамасы, белгілі тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілер жиынтығы ретінде
Ақша	ұлттық немесе шетел валютасында көрсетілетін төлем және жинақтау құралы
Қол қою үлгілері мен мөрдің бедері бар құжат	Клиенттің уәкілетті тұлғалары туралы деректерді қамтитын, олардың қол қою үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы (болған жағдайда) бар құжат. Құжат нұсқаларының саны Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді. Қол қою үлгілері мен мөр бедері бар нотариалды куәландырылған құжаттың бар болуы қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді
Байланыс орталығы	Телефон қоңырауы арқылы (кіріс телефон қоңырауы) түскен сұрау салулар бойынша ЖТ және ЗТ клиенттеріне сервистік және ақпараттық-консультациялық қолдау көрсету қызметі
Клиент	Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлға, оның филиалдары, өкілдіктері, дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор, Шартқа сәйкес шоттың иесі болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент – заңды тұлғасы, оның ішінде Қазақстан Республикасында өз қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдік
Шотты дұрыс жүргізбеу	Банкте Шотқа қызмет көрсету кезінде туындайтын және бір соманың Шотқа екі рет есептелуі, Шотқа ақша есептеу, операция кодын дұрыс таңдамау, валюта бағамдарын дұрыс өзгертпеу, операцияны соңына дейін аяқтамау, бухгалтерлік қателіктер (баланстық жазбалардың дұрыс көрсетілмеуі,

	санкцияланбаған баланстық өткізбелер) кезінде Банктің автоматтандырылған жүйелерінде соманы, валютаны дұрыс көрсетпеу жағдайлары
Санкцияланбаған төлем	Аталған төлемді жүргізуге өкілеттіктері жоқ тұлғаның жүргізген төлемі, жалған төлем құралдарын (төлем тапсырмасы, төлем талабы және т.с.с.) пайдалану арқылы төлем
Шоттың нөмірі	Клиенттің ақшасын Банкте есепке алу үшін берілген жеке сәйкестендіру коды (ЖСК)
Операциялық күн	оның ішінде Банк клиенттерден ақша аударымы туралы нұсқауларды және сондай нұсқауларды уақытша тоқтата тұру немесе қайтарып алу туралы өкімдерді қабылдайтын және орындайтын және олардың пайдасына ақша аударымдарын жүргізуге байланысты хабарларды оларға табыстайтын уақыт кезеңі
Жұмыс күндері	Қазақстан Республикасында және/немесе тиісті шетел валютасының пайда болған елінде банктер операцияларды жасауға ашық болатын күндер
«Onlinebank Налык» жүйесі	Клиент пен Банктің арасында интернет жүйесі арқылы Электрондық құжаттармен, хабарламалармен (өкімдермен) алмасу арқылы Клиентке Банкте ашылған өз банктік шоттарын қашықтықтан басқаруға мүмкіндік беретін Банктің қашықтықтан қолжеткізу жүйесі.
Тарап/Тараптар	Шарт жасаған Банк пен Клиент
Шот	Шарт негізінде ашылған Клиенттің Банктегі кез келген валютадағы банктік шоты. Осы Шарттың мәтіні бойынша «Шот» деген термин арқылы 1-өтініш бойынша ашылған ағымдағы шот та, сондай-ақ 2-өтініш бойынша ашылған ағымдағы шоттар да белгіленеді. Шотқа жинақ ақша шоттары мен карталар базасындағы ағымдағы шоттар жатпайды. «Шот» термині арқылы мәнмәтінге байланысты Шартта Шарт бойынша ашылған бір және барлық ағымдағы шоттар белгіленуі мүмкін
Тарифтер	Банк көрсететін кез келген банктік қызметтер үшін алынатын, тиісті операцияны жүргізген/Банктің тиісті қызмет көрсетуінің сәтіне қолданыста болатын Банк комиссияларының мөлшерлері
Уәкілетті тұлға	Клиент/Банк Қолданыстағы заңнамаға және Клиенттің/Банктің құжаттарына сәйкес өкілеттік берген және Клиенттің, Банктің немесе үшінші тұлғалардың атынан Шартта қарастырылғандай өкіл ететін тұлға
Уәкілетті орган	Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ағымдағы шоттағы шығыс операцияларын уақытша тоқтату немесе ағымдағы шоттағы ақшаға тыйым салу немесе мүлікке иелік етуге уақытша шектеу туралы шешім қабылдау құқығы бар мемлекеттік орган/мемлекеттік

2-бап. Шарттың мәні

2.1. Банк тиісті түрде ресімделген және Клиент оған қол қойған 1-өтініштің негізінде, Қолданыстағы заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Клиенттен 1-өтінішті және Банкке ұсынылуы тиісті болатын барлық құжаттарды қабылдағаннан кейін Шотты ашады. Клиент құжаттардың толық пакетін ұсынған шартта, Шот келесі Операциялық күннен кешіктірмей ашылады.

Шарт бойынша екінші және кейінгі Шоттар Банк Клиенттен 2-өтінішті қабылдаған соң, Клиент құжаттардың толық пакетін ұсынған және Банк өтініштерде тиісті жазбаларды қойғаннан кейін, келесі Операциялық күннен кешіктірмей ашылады. Клиент сондай-ақ «Onlinebank Halyk» жүйесі арқылы екінші қосымша шотты ашуға өтініш жолдай алады.

Банк Клиентке Банктің веб ресурсы немесе мобильді қосымшасы арқылы қашықтықтан ағымдағы шотты да ашады. Ағымдағы шотты қашықтықтан ашу тәртібі Банктің ішкі қағидаларында және «Onlinebank Halyk» жүйесінде қызмет көрсетуге қосылу шартында регламенттеледі.

Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысуы туралы хабарлама және кепілдік өтемді төлеу мерзімдері, тәртібі, оның ішінде талап етілмеген өтем сомасын аудару туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша өзге де ақпарат банктің www.halykbank.kz сайтында орналастырылады.

Шотты ашқаннан кейін Банк Клиентке Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын Шотты ашу туралы хабарламаны ұсынады. Шотты ашу туралы хабарламаны ресімдеу үшін Банк осы Шарттың 2-қосымшасына сай хабарлама нысанын пайдаланады.

Шот бойынша шығыс операцияларын Клиент Шот ашу үшін Банкке хабарласқан күні салық берешегі мен әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті толық өтегеннен кейін ғана жүзеге асырған жағдайда, Банк Клиентке салық берешегі, әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі болған жағдайда Шот ашуға құқылы. Осы талап орындалғанға дейін Банк Клиенттің Шотын бұғаттауға құқылы, оған Клиент өзінің сөзсіз келісімін береді.

2.2. Қашықтықтағы тәсілмен 1 және 2-өтініштер бойынша Шоттарды ашу, жүргізу және ашылған Шоттарды жабу, олар бойынша төлем қызметтерін көрсету, операцияларды орындау, Шарт бойынша басқа да банктік қызметтерді ұсыну қосымша келісімдерді, жаңа шарттарды жасамай, Шартқа сәйкес іске асырылады.

2.3. Банк осы Шарттың негізінде, Клиенттің қандай да болсын қосымша келісімін алмай, оны Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттары талап еткен жағдайда, Шотты ашу және оған банктік қызмет көрсету, төлем қызметтерін көрсету, операцияларды орындау үшін қажет болатын құжаттардың тізіміне өзгерістер енгізуге құқылы. Егер осындай өзгерістерге сәйкес Шотқа қызмет көрсету үшін Клиенттің қосымша құжаттарды ұсынуы талап етілсе, Клиент осы арқылы өз келісімін береді және Банк көрсеткен тізім бойынша оларды ұсынуға міндеттенеді.

2.4. Клиент Банкке ұсынған кез келген құжаттарда өзгерістер болған немесе Шотқа қатысы бар жаңа деректер (оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Клиент, Уәкілетті тұлғалар туралы мәліметтер, басқа ұқсас ақпарат) пайда болған жағдайда, Клиент бұл жөнінде Банкке жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті. Аталған өзгерістер Клиенттен сондай өзгерістерді қамтитын құжаттарды және/немесе жаңа құжаттарды алғаннан кейін Банк үшін жарамды болып табылады. Бұл ретте осы Шарттың 11.3-тармағының 11.3.19-тармақшасына сәйкес Банк МДҚ-дан алған ақпарат Клиент өзгеріс туралы құжаттарды ұсынбай-ақ жарамды деп есептеледі.

2.5. Банк Шот бойынша келесі операцияларды орындайды және оны жүргізуге байланысты төлем қызметтерін қоса, банктік қызметтерді көрсетеді:

- Клиенттің өтініштері негізінде, о.і. қашықтықтан шоттарды ашу;
- Клиенттің пайдасына Шотқа түскен ақшаларды есепке алу;

- Шоттан ақшаларды үшінші тұлғалардың пайдасына аудару туралы Клиенттің өкімдерін орындау;
- Қолданыстағы заңнамада қарастырылған негіздемелер бойынша Шоттан ақшаларды алып алу туралы үшінші тұлғалардың өкімдерін орындау;
- Шотқа Клиенттің қолма-қол ақшаларын есепке алуды және оған Шоттан қолма-қол ақшаларды беруді іске асыру;
- конверсиялық (айырбастау) операцияларын жүргізу туралы Клиенттің өкімдерін орындау;
- Клиенттің талабы бойынша Шот, Шоттағы ақшалар сомасы және жүргізілген операциялар жөнінде ақпаратты ұсыну.

Сондай-ақ Банк Шартта, Қолданыстағы заңнамада және банктік тәжірибеде қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерінде қарастырылған жағдайда, Клиентке басқа да банктік қызметтерді көрсетеді.

Шот бойынша операциялар Қазақстан Республикасының валютасында да, шетел валютасында да көрсетіледі, орындалады.

2.6. Клиент қолданыстағы Тарифтерге сәйкес осындай қызметтерге, операцияларға төлеген және Банкке қажет құжаттарды ұсынған жағдайда, Банк операцияларды жүргізудің Банктің белгілеген жалпы талаптарына сәйкес қызметтерді ұсынады, операцияларды орындайды.

2.7. Клиент Шотты 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін ашқан жағдайда, Банк Шоттағы кредиттік қалдықтарға Банктің уәкілетті органы белгілеген мөлшерлеме бойынша сыйақы есептейді. Шот көрсетілген күннен кейін ашылған жағдайда, қалдықтарға сыйақы есептелінбейді.¹ Шоттағы кредиттік қалдыққа сыйақы мөлшерлемесі 0%-ға тең болуы мүмкін. 0%-дан басқа сыйақы мөлшерлемесін белгілеу, сыйақы мөлшерлемесінің өзгергені туралы Банк Клиентке Шартта қарастырылған тәртіпте хабарлайды.

2.8. Осы Шарттың шеңберінде Банк Клиентке 1-Өтініш негізінде (Шотты жүргізу режимін көрсете отырып) шот ашады, ал екінші және кейінгі шоттарды ашқан кезде Клиентке қажетті режимді көрсете отырып 2-Өтініш қолданылады.

2.9. Банк Клиентке басқа қызметтерді көрсеткен жағдайда, атап айтқанда: жинақ шотын, инвестициялық шот, нотариус депозитінің шотын ашу, кепілдіктерді шығару, аккредитивтер, банктік заемдар, бағалы қағаздармен жасалатын операциялар, мұндай қызметтер бөлек шарттар мен келісімдер негізінде көрсетіледі.

2.10. Осы арқылы Клиент Клиенттің Банкке және (немесе) «Халық» қаржы тобының құрамына кіретін ұйымдарға (бұдан әрі – Ұйымдар) Шарт, Шарттың қосымша келісімі бойынша берілген және келешекте берілуі тиіс дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамаға және (немесе) Банктің және (немесе) Ұйымдардың ішкі құжаттарына сәйкес мұндай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын басқа да жағдайларда, Клиент дербес деректер субъектілерінен дербес деректерін жинауға және өңдеуге, дербес деректерін үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке және (немесе) Ұйымдарға беруге және өңдеуге, Банктің және (немесе) Ұйымдардың дербес деректерді өңдеуіне келісімдерін алғанын растайды.

2.11. Банк және (немесе) Ұйымдар қажет деп анықтаған жағдайда, Клиент Банкке және (немесе) Ұйымдарға Клиенттің Банкке және (немесе) Ұйымдарға Клиенттің дербес деректер субъектілерінен жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерін үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке және (немесе) Ұйымдарға беруге келісімдерінің құжаттамалық растауын береді, келісімдердің болуын құжаттай растау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай келісімдерді жинайды, сосын оларды алғанын растайды.

¹ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 751-бабына сәйкес.

2.12. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банкке және (немесе) Ұйымдарға табыстауға, дербес деректерді Банктің өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке және (немесе) Ұйымдарға қандай да болсын шаралар қолданылған жағдайда Клиент, Банктің және (немесе) Ұйымдардың талабымен, Банк және (немесе) Ұйымдар көтерген кез келген шығындар мен залалдарды Банкке және (немесе) Ұйымдарға өтеп беруге міндеттенеді.

2.13. Осы арқылы Клиент Банктің және Ұйымдардың дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін трансшекаралық табысталуына, оның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының 16-бабындағы 3-тармақтың 1)-тармақшасына сәйкес, алдын ала келісімдерін алғанын:

Банктің және (немесе) Ұйымдардың талабымен Банкке және (немесе) Ұйымдарға олардың бар екенінің құжаттамалық дәлелін беретінін;

Мұндай келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі және Банкке және (немесе) Ұйымдарға Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының бұзылғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда Клиент Банктің және (немесе) Ұйымдардың талап етуімен Банктің және (немесе) Ұйымдардың кез келген шығыстары мен залалдарын өтейтінін растайды.

3-бап. Шоттағы ақшаға иелік ету тәртібі

3.1. Банк Клиенттің нұсқауларына сәйкес және тек қана Шоттағы ақша қалдығының шегінде төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырады. Шоттағы ақша, Банктің комиссиялық сыйақысының сомасын қоса алып, төлемді, ақша аударымын жүргізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Банк орындаудан бас тартып, төлем құжаттарын орындамай, Клиентке қайтаруға құқылы.

3.2. Басқасы Қолданыстағы заңнамада қарастырылмаса және нұсқауды беру Клиенттің нұсқауларын Банктің тиісті түрде орындауы үшін қажетті және Қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған барлық ақпаратты қамтиды деген шартта, Клиент Банкке нұсқауларды басқа үлгіде ұсынуға құқылы. Бұл жағдайда Банк Қолданыстағы заңнамада талап етілетін немесе Банк қолданатын үлгі бойынша төлем құжатын өз бетінше құрастырады.

3.3. Клиент «Onlinebank Nalyk» жүйесімен төлемдер жүргізген кезде құжатқа электрондық цифрлық қолтаңбамен барлық қол қоюшы «Onlinebank Nalyk» жүйесінде құжаттарға қол қою саясатына сай қол қойған немесе динамикалық сәйкестендіру арқылы расталған күн Банкке электрондық төлем құжатының түскен күні болып табылады.

3.4. Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы, меншікке иелік етуге уақытша шектеу туралы Уәкілетті органның шешімі келіп түскен жағдайда Банк Шотты бұғаттайды және де Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы Уәкілетті органның шешімі келіп түскен жағдайда, сонымен қатар Қолданыстағы заңнамада көзделген өзге жағдайларда Шоттағы ақша сомаларын бұғаттайды. Шот бойынша операцияларды жаңғырту Уәкілетті органдардың сондай шешімдердің күшін жою/оларды қайтарып алу туралы Уәкілетті органдардың тиісті жазбаша хабарламалары негізінде жүзеге асырылады.

3.5. Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Шотқа алынған ақша сомасын бұғаттайды. Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Шоттағы ақша сомасы бұғатталғанда, Банк Шоттан ақшаны өндіріп алуды, түзетулерді, Шот бойынша түзету жазбаларын жүргізуі мүмкін. Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Шоттағы ақша сомасын бұғаттау туралы Банк Шоттағы ақша сомасы бұғатталған күні осы Шарттың 17.5-тармағында көзделген тәсілдер арқылы (Клиенттің қандай сервистерді қол жеткізу мүмкіндігі бар болуына және, Банктің пікірінше, қандай жолмен хабарлама Клиентке ең қысқа мерзімде жететініне қарай) Клиентке хабарлайды. Шоттағы ақша сомасын бұғаттау мерзімі Шоттың дұрыс жүргізілмегені анықталған сәттен бір Операциялық күннен артық болмау керек.

Осы арқылы Клиент, Шот дұрыс жүргізілмеген кезде, сондай-ақ Банктің Шот бойынша түзету жазбаларын жүргізуі үшін аударылған Шоттағы ақша сомасын Банктің бұғаттауына өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.

3.6. Шоттан ақшаны алып алу Қолданыстағы заңнамада, Шартта қарастырылған тікелей қарастырылған жағдайлардан бөлек, Клиенттің жазбаша келісімі немесе алдын ала келісімі бойынша іске асырылады. Барлық қойылған өкімдерді іске асыру үшін ақша жеткіліксіз болған кезде, осындай өкімдер, өзге кезектілік Қолданыстағы заңнамада қарастырылмаған болса, келіп түсу кезегімен орындалады. Клиентке қойылған талапты қанағаттандыру үшін Клиенттің ақшасы жеткіліксіз болған кезде, Банк осындай талапты орындау үшін сомасы жеткілікті болатын Клиенттің пайдасына келіп түскен ақшаларды, Қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, жинақтайды. Клиентке бірнеше талап қойылған жағдайда, Банк Клиенттің ақшасын алып алуды Қолданыстағы заңнамада белгіленген кезектілікте орындайды.

3.7. Шот бойынша соңғы жасалған операцияның күнінен бір жыл ішінде Шот бойынша қолма-қол ақшамен/қолма-қол ақшасыз шығыс операциясы жасалмаса, Клиент, ондағы қалдық сомасына қарамастан, Банк Шотқа қозғалмайтын шот мәртебесін беруге құқылы екенімен келіседі. Шотқа қозғалмайтын шот мәртебесі берілген күннен келесі айдан бастап, Шотта ақша қалдығы болған кезде, Банк Шотты тікелей дебеттеу жолымен Тарифтерге сәйкес қозғалмайтын шотқа қызмет көрсеткені үшін Банкке тиесілі болатын Банктің комиссиялық сыйақысын, сондай-ақ Шарт бойынша бар болған берешектер сомаларын өндіріп алуды жүзеге асыруға құқылы болады және Клиент онымен сөзсіз келіседі. Клиент қозғалмайтын шот бойынша ақша қалдығының сомасын талап етуге құқылы.

Банк Шотта бір жылдан аса ақша болмаған кезде, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамада көзделген басқа негіздемелер бойынша қозғалмайтын шотты жабуға құқылы.

3.8. Банк төлем ордері негізінде Шотты тікелей дебеттеу арқылы:

- қызметтерді көрсету, операцияларды орындау, Клиентке Шарт бойынша басқа да банктік қызмет көрсету кезінде Шотты жүргізу кезінде операцияларды жүргізу үшін комиссияларды қоса, қозғалыссыз шотты жүргізу үшін комиссияны қоса, Банк көтерген барлық шығындарды қоса, Банкке тиесілі барлық сомаларды;

- Шотта ақша сомасын бұғаттау мерзімі ішінде Шотты дұрыс жүргізбеу кезінде Шотқа есепке алынған ақшаны алып алуға құқылы.

3.9. Клиент осымен қызмет көрсету, операциялар жасау, Шарт бойынша Клиентке өзге банктік қызмет көрсету кезінде Банкке тиесілі барлық сомаларды, оның ішінде қызметтер үшін комиссиялар, Шотты жүргізу кезіндегі операциялар, оның ішінде қозғалыссыз шотты жүргізу үшін комиссия, Шарт бойынша Банк шеккен шығыстар, сондай-ақ Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Шотқа есептелген ақша сомасын Шотын тікелей дебеттеу жолымен төлем ордері негізінде Банктің алып қоюына өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді.

Банк төлем талаптарын, оның ішінде Шоттар жабылған жағдайда да, басқа банктерге, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға Клиенттің осы қаржылық ұйымдарда ашылған банктік шоттарынан Клиенттің Банк алдындағы берешек сомаларын талап ету үшін жіберуге құқылы.

3.10. Банк Клиенттің шотына ақша жөнелтуші банктен, делдал банктен Шотқа келіп түскен санкцияланбаған төлемді және (немесе) ақша аударымын, алаяқтық белгілері бар (қылмыстық қудалау органымен расталған) ақшаны, қате нұсқау бойынша ақшаны есепке жатқызған кезде Клиенттің келісімінсіз Шоттан ақша сомасын алып қоюға және қате нұсқау бойынша ақшаны, алаяқтық белгілері бар (қылмыстық қудалау органымен расталған) ақшаны, санкцияланбаған төлем және/немесе ақша аударымы бойынша ақшаны Шартпен және / немесе Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтаруды жүргізуге құқылы.

3.11. Клиент Банкке:

- үшінші тұлғаларға Клиенттің банктік құпиясы, атап айтқанда Банктің клиенті болып табылатыны туралы ақпаратты ішінара ашуына келісім (ашу Клиенттің шот нөмірін (ЖСК) көрсетуін білдіреді);

- Банк ақша жіберушінің Клиенттің Банкте ашылған банктік шотына ақша аудару туралы нұсқауларын орындаған жағдайда Клиенттің төлем құжаттарында деректемелерін Банктің автоматты толтыру құқығын береді.

4-бап. Қолма-қол ақшаны қабылдау және Шоттан беру, инкассациялау

4.1. Қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар айналыстағы ұлттық және шетел валютасындағы банкноттар мен монеталарды Банктің қабылдауын, қайта есептеуін, майдалауын, айырбастауын, беруін, сұрыптауын, қаптауын және сақтауын қамтиды.

Клиенттен/Клиенттің Уәкілетті тұлғасынан қолма-қол ақшаны қабылдап алған, қайта есептеген, берген кездегі Банктің әрекеттері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 [қаулысымен](#) бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларында және клиенттерге кассалық қызмет көрсету процестерін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарында анықталады. Банк Шотты тікелей дебеттеу арқылы Банк Тарифтеріне сәйкес көрсеткен қызметтері үшін комиссиялық сыйақы ұстайды.

4.2. Қолма-қол ақшаны қабылдау:

- Банк филиалының операциялық кассасына тапсырған жағдайда – олардың қолтаңбалары қол қою үлгілері бар құжатта көрсетілген Клиенттің/Клиент Уәкілетті тұлғасының (-ларының) толтырған/қол қойған кіріс кассалық құжатының, Клиент берген сенімхаттың негізінде. Ақшаны Банктің кассасына сенімхаты жоқ агент/дистрибьютер салған жағдайда, Клиент осы арқылы оның және агенттің/дистрибьютердің арасында Клиенттің банктік шотына қолма-қол ақшаны есепке жатқызуды көздейтін тиісті шарттың жасалғанын, болуын растайды;

- Банк филиалының қайта есептеу кассасына тапсырған жағдайда – сөмкеге қоса берілетін жөнелтпе тізімдемесінің және сөмкелерді пломбылау кезінде Клиент пайдаланатын, Банкке және инкассалау қызметіне алдын ала (3 (үш) жұмыс күні бұрын) берілетін пломбалардың баспа-таңбаларының негізінде;

- АДМ арқылы ақшаны қабылдап алған жағдайда – онлайн тәртібінде тапсырылған Клиент деректері негізінде жүзеге асырылады;

- Onlinebank жүйесінде Клиент/Клиенттің уәкілетті тұлғасы толтырған/қол қойған Автокассаны толтыру өтініміне сай шығарылған штрих-код/QR-код негізінде Автокасса арқылы ақша салған жағдайда.

4.3. Шоттан қолма-қол ақша беру Банктің комиссиялық сыйақысын ескере отырып, Шоттағы ақша қалдығы шегінде Банк кассалары арқылы былайша жүргізіледі:

- ұлттық валютадағы шоттары бойынша – Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының және Банктің талаптарына сәйкес ресімделген кассалық шығыс ордері негізінде;

- шетел валютасындағы шоттар бойынша – шетел валютасында қолма-қол қаражатты алуға өтініштер бойынша жүргізіледі.

Ақша беру:

- Onlinebank жүйесінде шығарылған штрих-код негізінде Автокасса арқылы²;

² Қызметті алу сипаттамасы «Onlinebank Налуқ» жүйесінде қызмет көрсетуге қосылу шартында көрсетілген.

- Onlinebank жүйесінде шығарылған смс-код негізінде Cash by code немесе мобильді қосымшамен банкоматтар арқылы².

Қолма-қол ақша беруді Банк Қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі қағидаларында белгіленген лимиттер шегінде жүзеге асырады.

Ағымдағы шоттан қолма-қол ақша алу кезінде Клиент Банк белгілеген және Қолданыстағы заңнамада белгіленген лимиттер шегіндегі сомада оларды беруге негізділігін растайтын құжаттарды беруге міндетті.

Клиент растайтын құжаттар ұсынатын, Банк белгілеген қолма-қол ақшаны беру сомаларының шекті мәндерін Банк дербес қарастыруы мүмкін.

Осы Шартқа қол қою арқылы Клиент мемлекеттік кірістер органына, оның ішінде Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында мәліметтер және/немесе құжаттар алмасу мақсаттары үшін мәліметтерді және/немесе құжаттарды беруге өзінің келісімін береді.

Клиент Шоттан күнтізбелік ай ішінде шешіп алатын қолма-қол ақша сомасы Қолданыстағы заңнамада белгіленген шешіп алынатын соманың шекті мөлшерінен асқан жағдайда Банк мемлекеттік кірістер органына банктік шоттан қолма-қол ақшаны шешіп алу мақсатын растайтын құжаттарды, оның ішінде мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында мәліметтер және/немесе құжаттар алмасу мақсаттары үшін мемлекеттік кірістер органына мәліметтерді және/немесе құжаттарды беруге келісімді жібереді. Банк мемлекеттік кірістер органынан Клиентке қолма-қол ақша беруде бас тарту үшін негіздемелердің бары не жоғы туралы мәліметтерді көрсетілген мерзімде алмаған жағдайда 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін шешіп алынатын сомалардың шекті мөлшерінен асатын қолма-қол ақшаны береді.

4.4. Қайта есептеу кассасына сағат 16-00-ге дейін келіп түскен Клиенттің инкассоланған ақшасы қайта есептеу нәтижелері бойынша Шотқа сол күні есепке жатқызылады, ал сағат 16-00-ден кейін келіп түскен ақша қайта есептеуден кейін келесі Операциялық күннен кешіктірілмей Шотқа есепке жатқызылады.

4.5. Банк іс жүзіндегі ақша сомасын оларды парақтап қайта есептеу және анықталған артық берілген, жетіспеген және Банк сараптамаға (теңге), инкассалауға (шетел валютасы) қабылдаған банкноттарды шегере отырып, бұғаннан кейін Шотқа енгізеді.

4.6. Төлеуге жарамайтын және күмәнді ақша банкноттары (теңге) бойынша Банк акт-тізімдеме жасайды, онда Клиенттің атауы, валютаның атауы, банкноттардың (монеталардың) құны, олардың нөмірі мен сериясы, жалпы сомасы, төлеуге жарамайтындығының сипаттары көрсетіледі. Төлеуге жарамайтын және күмәнді ақша белгілері (теңге) сараптама үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің филиалына жіберіледі.

4.7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі №49 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу қағидаларының 59, 60-тармақтарында берілген бүліну сипатына сәйкес келетін шетел валютасы банкноттары бойынша, Банк қосымша акт-тізімдеме жасайды, онда клиенттің атауы, валютаның атауы, саны, банкноттардың (монеталардың) құны, олардың нөмірі мен сериясы, жалпы сомасы, бүліну сипаттары көрсетіледі. Бұл ретте Банк келесілерге құқылы:

- 1) Клиентке акт-тізімдеменің көшірмесімен бірге банкноттарды қайтаруға;
- 2) бүлінген шетел валютасын Банкте қолданылатын Тарифтерге сәйкес инкассалауға қабылдауға, бұл үшін Клиент Шарт жасасу кезінде осы Шартқа 3-қосымша нысаны бойынша инкассалауға қабылдауға арналған өтінішке қол қою арқылы келісімін біржолғы тәртіпте бере алады.

4.8. Қайта есептеу жүргізілгендігі үшін Клиенттен қайта есептеуге ұшыраған нақты сомадан есептелетін, Тарифтермен белгіленген мөлшерде комиссиялық сыйақы алынады.

4.9. Банктің ішкі құжаттарына сәйкес анықталатын ірі мөлшердегі қолма-қол ақшаны алған жағдайда, Банк Клиенттен бұл жөнінде Банкті ақшаны алатын болжамды күнге дейін бір

жұмыс күні бұрын жазбаша (электрондық пошта арқылы, «Onlinebank Nalyk» жүйесі бойынша) немесе телефон арқылы хабардар етуді талап етуге құқылы.

4.10. Банк мүмкіндігі болған жағдайда Клиентке келесі қосымша қызметтер көрсетілуі мүмкін:

- Банк кассасында, Клиентке қызмет көрсету орнынан тыс жерде қолма-қол ақшаны қабылдау. Ақшаны Банк Клиент берген сенімхаттар негізінде Уәкілетті тұлғаларынан Клиент қашықтықтан қызмет көрсету өтінішінде көрсеткен Шотқа енгізу арқылы қабылдайды. Бұл ретте инкассоланған ақша Шотқа осы Шарттың 4.4-тармағының талаптарына сәйкес енгізіледі;
- Клиент Банкке ақша берілетін күннің алдындағы күннен кемінде бір күн бұрын «Onlinebank Nalyk» жүйесі бойынша тапсырған кассалық шығыс ордері мен ұсақ монеталарды жеткізуге өтінімнің негізінде қолма-қол ақшаны жіберу;
- АДМ арқылы Шотқа қолма-қол ақшаны (теңге) қабылдау.

5-бап. АДМ арқылы қолма-қол ақшаны қабылдау

5.1. Банк қолма-қол ақшаны Клиенттің Банктік шотына есепке жатқызу үшін оларды АДМ арқылы Клиенттен қабылдап алады.

5.2. АДМ Банктің меншігі болып табылады және Банктің немесе Клиент аумағында (сауда залы, кеңсе, басқасы) немесе Банк бөлімшелерінде мүмкіндігі болған жағдайда орнатылады. Клиент аумағында АДМ орнатқан жағдайда Банк пен Клиент арасында АДМ-ді орнатудың және жалдаудың/несиеге алудың тиісті шарты бекітіледі.

5.3. Клиенттің Шотты АДМ арқылы толықтыруы АДМ экранында Клиенттің банктік шотының нөмірін (ЖСК) және ЖСН/БСН енгізу арқылы жүргізіледі. Клиент өзінің ЖСН/БСН мен ЖСК дұрыс көрсетуіне жауапты болады.

5.4. Клиент қолма-қол ақшаны АДМ-ң ақша белгісін қабылдағышына салғаннан кейін ақша автоматты түрде қайта саналады және ары қарай нақты қайта саналған сома Клиенттің Шотына есепке жатқызылады. Клиент қолма-қол ақшаны енгізгеннен кейін басып шығарылған бақылау чек АДМ арқылы ақшаның қабылданғаны туралы растау болып табылады.

5.5. Егер АДМ арқылы жүргізілген операция аяқталған, бірақ бақылау чек берілмеген жағдайда немесе егер операция аяқталған, бірақ бақылау чекте «операцияны орындау кезінде қателік» жауабы алынған болса, Клиент Банкке даулы жағдайды қарау үшін хат жіберуге құқылы. АДМ арқылы Клиентке қызмет көрсетуге байланысты Банкте және Клиентте сақтауға тұрған, о.і. АДМ арқылы жасақталған электронды құжаттар қағаз тасымалдағыштағы құжаттарға теңестіріледі және операцияның жүргізілгеніне дәлел бола алады.

5.6. АДМ арқылы қызметтерді көрсету барысында туындайтын Клиенттің шағымдарын, даулы жағдайларды қарау хаттарын Банк Банктің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қарастырады.

6-бап. Шот бойынша валюталық операцияларды жүргізу тәртібі және айырбастау

6.1. Шот бойынша шетел валютасындағы төлемдер, аударымдар, шетел валютасын айырбастау Қолданыстағы заңнаманың, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын есепке алып, жүргізіледі.

6.2. Клиент, Қолданыстағы заңнамада және (немесе) шетел мемлекетінің заңнамасында шетел валютасына қатысты белгіленген шектеулерге, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, валюталық бақылауды және валюталық шектеулерді, сондай-ақ Шоттардағы ақшаға немесе оны пайдаланумен жасалатын операцияларға қолданылуы мүмкін салықтарды енгізуге байланысты туындауы мүмкін шетел валютасындағы Шотты ашуға және жүргізуге, сондай-ақ шетел валютасын сатумен-сатып алумен байланысты тәуекелді өзіне алады.

Егер валюталық төлем және (немесе) ақша аударымы Қазақстан Республикасынан ақша шығаруға бағытталған болса немесе Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының

талаптарын орындаудан жалтарумен байланысты болса, Клиент Банкке валюталық төлем және (немесе) ақша аударымы туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына беруге келісім береді.

6.3. Шотты аша отырып, Клиент Шоттан шетел валютасында ақша аудару операциясын жүргізген кезде тиісті шетел мемлекетінің заңнама талаптарын, халықаралық келісімдерді, өзге талаптарды басшылыққа ала отырып, корреспондент банк немесе делдал банк:

- жүргізіліп жатқан операция туралы кез келген қосымша қажетті мәліметтерді алу мақсатында белгісіз мерзімге Клиенттің ақша аударымын тоқтата тұра;

- бас тарту себебін нақтыламастан, корреспондент банк(-тер) ұстап қалған комиссияны шегерумен Банктің ақшасын қайтара отырып, шетел валютасында ақша аударымын аяқтаудан бас тарта алатыны жөнінде хабардар екенін растайды.

6.4. Айырбастау Шоттағы ақша қалдығының шегінде Клиенттің тиісті түрде ресімделген нұсқауы негізінде жүзеге асырылады. Клиент өзінің қалауы бойынша Банкті Шоттағы, сондай-ақ Шоттың және Банкте ашылған басқа да банктік шоттардың қатысуымен ақшаны бір валютадан басқасына айырбастауға уәкіл етуге құқылы.

6.5. Банк Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызмет көрсету, операцияны орындау күніне Банктің белгілеген коммерциялық бағамы бойынша айырбастау қызметтерін көрсетеді. Айырбастаудың коммерциялық бағамы қызмет көрсету күніндегі қолма-қол ақшасыз валютаны сатып алу/сату бағамына сәйкес келеді. Қолма-қол ақшасыз валютаны сатып алудың/сатудың коммерциялық бағамын валюталар тізімі сияқты Банк нарықта қалыптасқан жағдайға байланысты өз қалауымен өзгертуі мүмкін.

6.6. Шетел валютасымен барлық операциялар Қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі құжаттарында, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Қазақстан Республикасының резиденттері арасында шетелдік валютада есеп айырысуды жүргізуге тыйым салуда (Қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларды есепке алмай) белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6.7. Банк Клиенттің валюталық шотында Қолданыстағы заңнамада белгіленген баламадан артық сома болған және оны Клиент 10 (он) жұмыс күні ішінде пайдаланбаған жағдайда аталған валютаны ұлттық валюта үшін Қолданыстағы заңнамада көзделген мерзімде және тәртіпте сатуға құқылы.

6.8. Банк валюталық келісімшартты және/немесе валюталық келісімшартқа қосымша келісімді қызмет көрсетуге қабылдаудан бас тартуға, валюталық келісімшарт және/немесе валюталық келісімшартқа қосымша келісім бойынша операцияны тоқтата тұруға және/немесе жүргізуден бас тартуға, Клиентпен іскерлік қатынастарды бұзуға және төменде көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша:

6.8.1. Банкте Клиенттің/Клиент контрагентінің операциялары Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деп пайымдауға негіз болған кезде;

6.8.2. Клиенттің/Клиент контрагентінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың қолданылуына түседі немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіз болған жағдайда;

6.8.3. егер Банк талап еткен құжаттар/ақпарат берілмесе немесе толық көлемде берілмесе, кез келген себептер бойынша Банктің талаптарын қанағаттандырмаса немесе Клиенттің тапсырмасы Қолданыстағы заңнаманың талаптарына қайшы келсе;

6.8.4. Клиенттің/Клиент контрагентіне, олардың үлестес тұлғаларына, бенефициарлық меншік иелеріне қатысты кез келген елдің (мысалы, АҚШ³, ЕО⁴, Ұлыбритания және басқалары)

³ Америка Құрама Штаттары

⁴ Еуропалық Одақ

немесе халықаралық ұйымның (FATF⁵, БҰҰ⁶ және басқаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған санкциялардың болған кезде, оның ішінде талаптар және іскерлік қатынастар банкке шектеулер және (немесе) санкциялар қолдануға әкеп соғуы мүмкін болған жағдайларда осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы;

6.9. Клиент валюталық операцияларды реттейтін Қолданыстағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік туралы, Қолданыстағы заңнамада және халықаралық келісімдерде белгіленген Банктің валюталық бақылау агентінің, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдарына және шетелдік салық агенттеріне ақпарат беру функцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ Клиент жасаған Қолданыстағы заңнама бұзушылықтары туралы құқық қорғау органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдарын Банктің хабарландыруы бөлігіндегі Банктің міндеті жөнінде оған мәлім екенін растайды.

6.10. Клиенттің операциясын жүргізуге қатысатын шетелдік корреспондент банктің, делдал банктің сұрауын алған жағдайда, операцияға және оған қатысатын тұлғаларға қатысты барлық қажетті мәліметтер мен түсініктемелерді Банк бере алады, ал Банкте сұралатын мәліметтер болмаған жағдайда, Клиент Банкке сондай мәліметтерді, түсініктемелерді немесе құжаттарды толық көлемде және Банк белгілеген мерзімде ұсынады дегенмен Клиент келіседі.

6.11. Клиент шетел валютасымен қате деректемелері бойынша жіберген төлемді корреспондент банк, делдал банк Шотқа, корреспондент банктер ұстап қалған комиссияларды шегеріп, қайтарған жағдайда, Клиент Банктің жауапкершілік арқаламайтынына келіседі.

6.12. Клиент Астана халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) қатысушысы болып табылса, яғни оның аумағында заңды тұлға ретінде тіркелсе/аккредиттелсе, Клиент Банктің АХҚО қатысушысы - Клиенттің тапсырмасы бойынша жүргізілген валюталық операциялар бойынша есептерді АХҚО-ның Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетіне ақпарат, атап айтқанда:

- Клиенттің тапсырмалары бойынша жүргізілетін валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат;
- АХҚО қатысушысы ретінде Клиент жүргізген мәмілелер мен операциялар, оның ішінде клиенттердің тапсырмасы бойынша резидент еместерге қойылатын талаптардың және олардың алдындағы міндеттемелердің өзгеруіне әсер еткен ақпарат;
- Клиент резидент еместермен жүзеге асырған бағалы қағаздармен және деривативтермен операциялар бойынша ақпарат;
- Клиенттің қаржы құралдарымен валюталық операцияларынан есептелген және алынған кірістер туралы ақпарат беруіне келісім береді.

7-бап. Шотты ерекше тәртіпте жүргізу талаптары

Клиенттің өтініш беруі бойынша Банк Шотты ашып, Шотты ерекше тәртіпте жүргізу бойынша қызметтер көрсетуі мүмкін. Шоттарды ерекше тәртіпте жүргізу бойынша қызметтер осы Шартта және Қолданыстағы заңнамада көрсетілген талаптармен көрсетіледі/жүзеге асырылады.

7.1. Шотты транзиттік тәртіпте жүргізу:

7.1.1. Банк, оның жүргізілуі транзиттік тәртіпте жүзеге асырылатын Клиенттің/Клиенттің филиалының Шотына қолма-қол ақшаны қабылдауды және қолма-қол емес ақшаны аударуды, оның негізінде Шот ашылған 2-өтініште Клиент/Клиенттің филиалы оның деректемелерін көрсеткен, Банкте ашылған Клиенттің Шотына кейіннен аудару үшін ақшаны жинақтау мақсатында жүзеге асырады;

⁵ FATF - ақшаны жылыстатуға қарсы қаржылық шараларды әзірлеу тобы. Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға (АЖ/ТҚК) қарсы іс-қимыл саласында әлемдік стандарттарды әзірлеумен айналысатын, сондай-ақ АЖ/ТҚК ұлттық жүйелерінің осы стандарттарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асыратын Үкіметаралық ұйым

⁶ БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) – Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және нығайту, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған халықаралық ұйым

7.1.2. транзиттік тәртіпте Шот бойынша Клиенттің шығыс төлемдерді және аударымдарды жүргізуі, қолма-қол ақшаны алуы қарастырылмаған;

7.1.3. Банк Шоттан ақшаны транзиттік тәртіпте аударуды Клиент оның негізінде Шот ашылған 2-өтініште көрсететін кезеңділікпен жүргізеді;

7.1.4. Осы тармақтың 7.1.1-тармақшасында қарастырылмаған Шот бойынша басқа операцияларды Банк жүргізбейді, ал Клиент олардың жүргізілуін талап етуге құқығы жоқ.

7.2. Кәсіподақтың/саяси партияның Шотын жүргізу:

7.2.1. Банк кәсіподақтың/саяси партияның Шотына келіп түсетін барлық ақшаны оның келіп түсуінің көзі анықталғанға дейін бұғаттайды;

7.2.2. Шотты бұғаттан шығаруды Банк ақша Шотқа аударылған күннен кейінгі Операциялық күннен кешіктірмей жүзеге асырады немесе, кәсіби одақтарды Қолданыстағы заңнамада рұқсат етілген қаржы көздерінен қаржыландыруды есепке алмай, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізу бойынша шартты(-тарды), келісімшартты (-тарды) орындауға байланысты емес операциялар бойынша ақша, оның ішінде шетел валютасы бейрезиденттерден, шетелдік мемлекеттен, мемлекеттік органдардан, мемлекеттік ұйымдардан саяси партиялар мен кәсіподақтардың пайдасына ақша түскен кезде Банк төлем тапсырмасын орындаудан бас тартады;

7.2.3. Клиент осы тармақтың 7.2.2-тармақшасында қарастырылған жағдайларда ақша жіберушінің мекенжайына қайтарылуы тиіс ақшаны Банктің өндіріп алуына кедергі жасамауға міндеттенеді.

8-бап. Төлемдер мен ақша аударымдары

8.1. Клиент Шоттағы ақшаға Шарт пен Қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіпте, Банкке электрондық немесе қағаз тасығыштарда ұсынылған төлем құжаттарын пайдаланып, өз бетінше билік етеді.

8.2. Клиент Шотқа билік етуді қол қою үлгілері мен мөрдің баспатаңбасы бар Құжатқа кіргізілген тұлғалардың Банкке жазбаша нұсқауларды беруі жолымен немесе «Onlinebank Налук» жүйесінде қол қою арқылы жүзеге асырады. Төлем, Шоттан ақшаны аудару туралы Клиенттің тиісті түрде ресімделген төлем құжаттары, Шотта төлем және (немесе) ақша аударымы және Банкке қызмет/қызметтер үшін комиссияның/комиссиялардың сомасы үшін қажетті ақша сомасы болған жағдайда, Операциялық күнде қабылданады және орындалады.

8.3. Шотқа билік ету туралы өкімдер берудің кез келген басқа тәсілдері Банк пен Клиент арасында жазбаша түрде бөлек келісілуі керек, содан кейін Банк бұл өкімдерді орындауға қабылдайтын болады.

8.4. Банк Клиенттің өкімінің орындалуын, Шартта және Қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, клиент оған бастама жасаған күні қамтамасыз етеді.

Ақшаны Шотқа есепке алу бойынша өкімді орындауды, Клиентке бенефициар ретінде валюталық реттеу туралы Қолданыстағы заңнамада қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажет болатын жағдайды қоспағанда, Банк өкімді алған күні Операциялық күннің ішінде іске асырады.

Банк үшінші тұлғалар бенефициар мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелерді (міндеттемелерді) тіркеуі туралы хабарламаны ұсынғанда орындалуға тиіс, олардың негізінде халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары іске асырылатын, белгісіз мерзімдерде орындалуы тиіс, валюталаудың болашақ күнімен инкассолық өкім арқылы ұсынылатын өкімдерді орындауды Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде іске асырады.

8.5. Осы арқылы Тараптар Клиенттің төлемдерді және аударымдарды іске асыру бойынша барлық және кез келген өкімдері, салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша төлемдерді қоса, бірақ онымен шектелмей, Операциялық күннің бойында ғана қабылданатынына келіседі.

Клиент Операциялық күн аяқталғаннан кейін жасаған өкімдер келесі Операциялық күннің басында Банкке келіп түскен болып саналады және Банк оларды келесі Операциялық күні орындайды. Клиент Банкке, салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша өкімдерді қоса, бірақ онымен шектелмей, төлемдерді және аударымдарды іске асыру жөнінде өкімдерді Операциялық күн аяқталғаннан кейін ұсынумен байланысты барлық тәуекелді және жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

8.6. Ақшаны Шотқа есепке алу бойынша операциялар Операциялық күннің шеңберінде және мұндай операциялар Қолданыстағы заңнамаға сәйкес болған және Клиент Қолданыстағы заңнамада қарастырылған құжаттарды ұсынған жағдайда ғана іске асырылады.

8.7. Банк Клиент өкімін орындаудан мына жағдайларда бас тартуға құқылы:

- егер төлем құжатында көрсетілген сома және Банкке төленуі тиіс комиссиялардың сомасы Шоттағы ақша қалдығынан асып кетсе;

- әрекеті Банкке және Клиентке тарайтын, кез келген елдің (мысалы, OFAC) немесе халықаралық ұйымның (оның ішінде ФАТФ және БҰҰ, бірақ онымен шектелмей) заң құзыретіне сәйкес салынған санкцияларға сәйкес;

- Банктің Клиенттің/Клиент контрагентінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың ықпалына түседі не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауына негіз болуы;

- Клиент жасаған операцияларды зерттеу барысында күдіктер, Клиент осындай операцияларды қылмыстық жолмен алған кірістерді заңдастыру (жылыстау), немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдіктер туындаған жағдайда;

- Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңында (бұдан әрі – ҚКЗжТҚК заңы) қарастырылған басқа да негіздемелер бойынша, Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда;

- Клиент Қолданыстағы заңнаманың талаптарына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына қарама-қайшы болатын өкімдерді ұсынған және құжаттарды берген жағдайда;

- санкцияланбаған төлем анықталған кезде, сондай-ақ бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаны заңсыз алудың фактілері анықталған және расталған жағдайларда;

- егер төлем құжатында жасандылық белгілері, түзетулер, толықтырулар мен қолмен түзетілген жерлері болса;

- төлем жүргізу кезінде Клиенттің алаяқтық әрекеттеріне күмән туындағанда;

- егер төлем құжаты Тараптардың арасында санкцияланбаған төлемдерден, ақша аударымдардан қорғану әрекеттерінің тәртібі бұза отырып, жөнелтілсе, атап айтқанда, Клиенттің атынан оған өкілеттіктері жоқ тұлғаның атынан қол қойылған;

- егер төлем құжатында төлем құжатының бұл түрі үшін Қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған барлық немесе кейбір мәліметтер болмаса;

- Клиенттің ЖСК-сі, ЖСН-і/БСН-і төлем құжатында көрсетілген деректерге сәйкес келмеген жағдайда, соның ішінде салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеуге, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналарды аударуға, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын аударуға төлем құжатындағы деректер мемлекеттік кірістер органы ұсынған деректермен сәйкес келмеген жағдайда;

- Клиент Қолданыстағы заңнамада, сонымен қатар Шартта белгіленген төлем құжатын жасау және беру тәртібіне қойылатын талаптарды сақтамаған жағдайда;

- төлем құжатында санмен және жазбаша көрсетілген сомалар сәйкес болмаған жағдайда;

- уәкілетті мемлекеттік органдарының немесе лауазымды тұлғалардың клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, мүлікке иелік етуге уақытша шектеу, Клиенттің банктік шотындағы ақшаларға тыйым салу туралы ақшамен қамтамасыз етілмеген актілер, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамада белгіленген

Шоттағы ақша есебінен талаптарды қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес алдымен орындалуы тиіс өкімдер болған жағдайда, сонымен қатар Қолданыстағы заңнамада көзделген өзге жағдайларда;

- егер қолтаңбалары қолтаңба үлгілері бар құжатқа енгізілген тұлғалардың өкілеттіктері туралы немесе мұндай тұлғалардың өкілеттіктерін тоқтату туралы Клиенттің меншік иелері арасында даулардың болуын растайтын құжаттар берілсе;

- осы Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және олардан туындайтын өзге негіздермен жүргізіледі.

Банктің төлем құжаттарын орындаудан бас тартуы өкімді алған күні, бас тарту себебін көрсете отырып, Операциялық күннің ішінде іске асырылады. Төлем құжатын орындаудан бас тарту туралы, инкассольдық өкімді қоспағанда, хабарлауды Банк Клиентке электрондық пошта арқылы немесе «Onlinebank Haluk» жүйесі арқылы ауызша нысанда немесе осы Шартта қарастырылған басқа да тәсілдермен жолдайды. Төлем құжатын орындаудан бас тарту күні болып осындай хабарлауды/хабарламаны жөнелту күні болып есептеледі.

Бас тарту орынды болған жағдайда, Банк өкімдерді орындаудан бас тартуға байланысты Клиент көтерген немесе көтеруі мүмкін зиян, залал үшін Банк жауапкершілікті арқаламайды.

8.8. ҚКЗжТҚҚ заңында, Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңында және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінде көзделген басқа да негіздемелер бойынша Банк Клиент нұсқауларының орындалуын тоқтата тұруға және (немесе) орындаудан бас тартуға құқылы.

8.9. Клиент бенефициар болған кезде, Банк бенефициардың банкі ретінде мына жағдайларда төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы:

- ақша жөнелтушісі төлем құжатын құрастыруға және ұсынуға қойылатын, Қолданыстағы заңнамада, Шартта белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайда;

- санкцияланбаған төлем анықталған кезде, сондай-ақ бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаны алудың заңсыз болу фактілері анықталған/расталған жағдайларда;

- ЖСК, ЖСН/БСН бенефициардың деректемелеріне сәйкес келмеген жағдайда;

- валюталық реттеу туралы Қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларда.

Банк бенефициардың банкі ретінде өкімді өкімді алған күні, бас тарту себептерін көрсете отырып, Операциялық күннің ішінде орындаудан бас тартады.

8.10. Клиент осы арқылы төлем құжаттарындағы Клиентті немесе бенефициарды сәйкестендіруге қатысты деректемелердің қате көрсетілуіне және, олардың көрсетілуі Қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етілетін, қате кодтардың көрсетілуіне байланысты барлық тәуекел мен жауапкершілікті өзіне алатынын мәлімдейді және оған кепілдік береді.

8.11. Клиент Банктің талабы бойынша төлемнің, ақша аударудың негіздемелігін растайтын құжаттарды оған ұсынуға міндетті.

8.12. Төлем құжаттарында Клиент валюталау күнін көрсетуі мүмкін. Валюталау күні көрсетілген Клиенттің өкімдерін Банк Клиент көрсеткен валюталау күнінде, Операциялық күндері орындайды.

8.13. Банк орындауға қабылдаған өкімді Клиенттің қайтарып алуы және ол орындалғанға дейін өкімнің орындалуын тоқтата тұру, Қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі рәсімдерімен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде жүргізіледі.

8.14. Төлемдер мен ақша аударымдары туралы өкімдерді, сондай-ақ оларды шақыртып алу туралы нұсқамаларды электронды тәсілмен ұсыну, Клиенттің Банктегі Шотының болуына байланысты жасалатын Клиентке «Onlinebank Haluk» жүйесінде қызмет көрсету бойынша Банк пен Клиенттің қарым-қатынастарын реттейтін шартта қарастырылған негіз бен тәртіппен жүргізіледі. Көрсетілген шартта, сондай-ақ, аталған жүйеде көрсетілетін қосымша қызметтер мен сервистерді беру тәртібі де реттеледі.

8.15. Банк Клиентке орындалған нұсқаулар, Шоттың жағдайы, үзінді және төлем құжаты түрінде дебеттік-кредиттік айналымдар туралы ақпаратты Банктің қалауы бойынша электрондық тәсілмен (Клиентке «Onlinebank Haluk» жүйесінде қызмет көрсетілген жағдайда)

ұсынады. Банктің электрондық мөртабанымен расталған үзінді онда көрсетілген операциялар орындалғанының, сондай-ақ Клиент қате операциялар туралы хабардар болғаны жөнінде жеткілікті дәлелі болып табылады және олар туралы Банктің олар туралы жедел хабарламасының болмауы Клиенттің тәуекелі мен жауапкершілігі болып табылады.

8.16. Клиент Банктен келген барлық хаттарды (үзінділерді және/немесе кез келген басқа да ақпаратты) алған кезде тексеруі тиіс. Одан бөлек, Клиенттің өкімдерін, нұсқауларын Банктің орындауының дұрыстығын Клиент тексеруі тиіс. Егер Клиент қандай да бір қателіктер және/немесе толықтай емес орындалуын анықтаған жағдайда, ол туралы тез арада Банкке хабарлауы тиіс.

8.17. Клиенттің мөрі жоғалған немесе тозған, ұйымдық-құқықтық нысанын қайта атау/өзгерту орын алған жағдайда, Банк Клиенттің өтініші және қол қою үлгілері бар (мөрсіз) уақытша құжаттың негізінде Клиентке қол қою үлгілері бар (мөрсіз) уақытша құжат бойынша қызмет көрсетуді іске асырады. Қол қою үлгілері бар (мөрсіз) уақытша құжаттың әрекет ету мерзімі Мөрдi жасау кезеңіне күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспауы тиіс. Көрсетілген кезеңнен кейін Банк Клиентке қол қою үлгілері және мөрдiң баспа таңбасы бар жаңа құжатты бергенге дейін қызмет көрсетуді тоқтатады. Мөрсіз Шот бойынша операциялар жүргізу туралы нұсқаулықтарды қолдан жасау тәуекелімен байланысты барлық тәуекелді Клиент толық көлемде арқалайды.

8.18. Күнтізбелік әр жылдың басынан бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде күнтізбелік әр жылдың 31 желтоқсандағы Шоттағы шығыс қалдығының сомасы бойынша Банк пен Клиент арасында келіспеушіліктердің болуы туралы куәландыратын Клиенттің жазбаша наразылықтары болмаған жағдайда, мұндай қалдықты клиент растаған болып есептеледі.

9-бап. Тұрақты өкім

9.1. Клиентте бенефициардың пайдасына тұрақты төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын орындау қажеттілігі болған жағдайда, Банк Клиенттің тапсырмасы бойынша Клиенттің атынан қолма-қол емес төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын Клиент ұсынған тұрақты өкімге сәйкес орындайды.

9.2. Банк тұрақты өкімді орындауды Клиент Банкке қосымша төлем құжаттарын ұсынусыз, тұрақты өкімнің талаптарына сәйкес Банкке бір немесе бірнеше бенефициар растайтын құжаттар ұсынған кезде іске асырады.

Тұрақты өкімді орындау кезінде төлемдер және (немесе) ақша аударымдары автоматты режимде орындалады.

9.3. Тұрақты өкім бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары Шотта оны орындау үшін жеткілікті сома болған кезде тұрақты өкімде көрсетілген бір немесе бірнеше бенефициардың деректемелері бойынша орындалады.

10-бап. Клиентке аудиоқызмет көрсету

10.1. Банк Клиентке Шоттың жағдайы туралы ақпаратты Клиенттің 1-, 2-өтініште көрсеткен құпия сөзі бойынша телефондық сұратуы бойынша береді.

10.2. Осы қызметті көрсету шеңберінде Клиент Шоттағы баланс, кезең ішінде жүргізілген операциялар туралы, «Onlinebank Halыk» жүйесін пайдаланушыны бұғаттан шығару, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес өзге операциялар туралы ақпарат сұратуға құқылы.

10.3. Клиент бөтен адамның «құпия сөзді» рұқсатсыз пайдалануына жол бермеу мақсатында, «құпия сөз» жария етілген жағдайда, аудио-қызмет көрсету әрекетіне бұғат қою туралы Банкті дереу хабардар етуге немесе «құпия сөзді» ауыстыру үшін жазбаша өтініш беруге тиіс.

10.4. Банк «құпия сөз» бойынша ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін алған бөтен адамдарға ақпарат берілгені үшін жауапты болмайды. Бөтен тұлғаға «құпия сөз»

жарияланғандығы туралы хабарлама Банкке уақтылы жіберілмеген жағдайда Банк Шот бойынша ақпаратты беру жөнінде наразылықты қабылдамауға құқылы.

10.5. Клиент «құпия сөзді» өз қарауынша Банк оның Шоты бойынша ақпарат алу құқығына ие Клиенттің Уәкілетті тұлғасы болып есептелетін, онымен Банкте осы бапта қарастырылған ақпаратты сұратуға өкілдік берілген кез келген тұлғаға хабарлауға құқылы.

10.6. Клиент Шарттың 10.3-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, Банкке жазбаша өтініш беріп «құпия сөзді» өзгертуге құқылы.

11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11.1. Клиент:

11.1.1. Қолданыстағы заңнамада және Шартта белгіленген тәртіппен және тәсілдермен Шоттағы ақшаға билік етуге, соның ішінде Банкке төлемдерді, ақша аударымдарын жүргізу туралы нұсқаулықтар беруге;

11.1.2. Шарт бойынша оларды жүргізу оның қызметінде қажет болатын қызметтерді, операцияларды өз бетінше таңдауға;

11.1.3. Шоттың жағдайы туралы ақпарат алуға;

11.1.4. Уәкілетті тұлға арқылы қызметтерді алуға, операцияларды орындауға;

11.1.5. Шотқа орындалмаған талаптар болмаған жағдайда, қозғалыссыз тобына жатқызылған Шот бойынша ақша қалдығы сомасын талап етуге;

11.1.6. Банктен Шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындауды талап етуге;

11.1.7. Шартта және Қолданыстағы заңнамада қарастырылған басқа құқықтарды іске асыруға құқылы.

11.2. Клиент:

11.2.1. Банк ұсынған және Банктің ішкі құжаттарында және Қолданыстағы заңнамада қарастырылған тізім бойынша Шотты ашуға және ол бойынша операцияларды жүргізуге қажетті құжаттарды, оның ішінде бенефициарлық иелері, салық резиденттілігі, жүргізілетін операциялардың қаржыландыру көзі туралы ақпаратты, Банкке беруге;

11.2.2. Банк оның иелігіне берген бланкілерге, деректерді тасығыштарға тиянақты, ұқыпты, абайлап қарауға. Егер Клиентке сондай бланкілердің, деректер тасығыштардың ұрланғаны, жоғалғаны немесе дұрыс пайдаланылмағаны сияқты жағдайлар жөнінде мәлім болса, ол бұл жөнінде дереу Банкке жазбаша түрде хабарлауы керек;

11.2.3. Шот бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін Банкке Қолданыстағы заңнаманың, Банктің ішкі құжаттарының және Шарттың талаптарын есепке алып ресімделген нұсқауларды беруге;

11.2.4. төмендегідей жағдайларда Шартта көрсетілген тәсілдермен және тәртіппен Банкке дереу хабарлауға:

- орналасқан жері, байланысу телефондары, электрондық мекенжайы мен Банкке берілген құжаттардағы басқа да мәліметтер өзгергенде, құрылтайшылық құжаттар жоғалғанда, ұрланғанда;

- атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгергенде, қайта тіркелгенде, қайта ұйымдастырылған және өзге де өзгерістер болғанда, сондай өзгерістерді дәлелдейтін құжаттардың түпнұсқаларын ұсынумен. Банк МДБ-дан алған өзгерістерді қоспағанда, қандай да болсын өзгерістер Банк Клиенттің хабарламалары мен растаушы құжаттарды қабылдағаннан кейін ғана Банк үшін жарамды болады;

- Клиенттің қайта тіркелуін талап етпейтін құрылтайшылық және басқа да құжаттардағы басқа да деректер өзгергенде;

- басшыларының құрамында және олардың жеке бастарын, Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері өзгергенде;

- Клиенттің құрылтайшылары/қатысушылары құрамы өзгергенде, бенефициарлы қатысушылары өзгергенде;

- Клиенттің уәкілетті тұлғаларының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғанда, растаушы құжаттарды ұсынумен;

11.2.5. Банктің қызметтерін Банк Тарифтеріне сәйкес, Шартта қарастырылған тәртіппен төлеуге, оның ішінде комиссияны төлеу үшін талап етілетін соманың Шотта болуын қамтамасыз ету арқылы;

11.2.6. Банк көрсеткен мерзімдерде Банкке басқа (оның ішінде шетелдік) банктердің комиссияларын, үстеме шығыстарды, басқа да шығындарды, егер сондайлар Шарт шеңберінде Банктің қызмет көрсету, операцияларды орындау үшін талап етілетін болса, өтеуге;

11.2.7. Шарттың талаптарындағы, Тарифтердегі өзгерістер мен толықтырулар туралы өз бетінше біліп тұруға, Шарт бойынша Банк ұсынатын ақпаратпен Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде, Банктің www.halykbank.kz электрондық мекенжай бойынша сайтында танысуға. Клиенттің Банкке Банк Тарифтерінің ұлғаю жағына қарай өзгеруіне келіспеуі туралы өтініш бермеуі Клиенттің Банк Тарифтерімен келісетінін білдіреді. Клиент Банк Тарифтерінің ұлғаю жағына қарай өзгеруіне келіспеген жағдайда Клиент осы Шарт талаптарында белгіленген тәртіпте Шартты бұзуға құқылы;

11.2.8. Шотқа ірі сомалар салынған/аударылған жағдайда (мөлшерін Банк пен Қолданыстағы заңнама белгілейді), Банк талап етуге құқылы, ал Клиент Банк белгілеген мерзімде сол ақшаның заңдылығын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті;

11.2.9. Банктің нұсқауларды дұрыс орындауын тексеруге. Дәлсіздіктер, нұсқаулардың қате немесе толық емес орындалуы байқалған жағдайда – бұл жөнінде Банкке дереу жазбаша түрде, телефон, электронды пошта арқылы хабарлауға;

11.2.10. Клиентті банкрот деп тану туралы соттың шешімі шығарылған күннен және банкроттық рәсімін қозғаумен оны тарату және банкроттық рәсімін қозғаусыз оны тарату күнінен 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке жазбаша түрде хабарлауға;

11.2.11. өз қызметінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық экономикалық санкциялардың, халықаралық стандарттар мен заңнаманың талаптарын сақтау;

11.2.12. санкциялық тізімдерге енгізілген адамдардың/ұйымдардың пайдасына (тікелей немесе жанама) Банк арқылы төлемдер/аударымдар жүргізбеу, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялармен тыйым салынған операцияларды/төлемдерді/аударымдарды тікелей/жанама түрде жасамау;

11.2.13. халықаралық экономикалық санкциялар енгізілген серіктестердің/контрагенттердің/клиенттердің (олардың құрылтайшыларының, бенефициарлық меншік иелерінің және үлестес тұлғалардың) пайдасына тікелей / жанама әрекет етпеу;

11.2.14. Шарт пен Қолданыстағы заңнамада белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

11.3. Банк:

11.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген тиісті тексеру бойынша шара қабылдау мүмкін болған жағдайда, сондай-ақ Клиент іскерлік қарым-қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында қолданатыны туралы күмән болған жағдайда, Клиентпен іскерлік қарым-қатынас орнатудан бас тартуға;

11.3.2. Клиенттен (оның өкілінен) Шот ашу және қызмет көрсету, Клиентті (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ салық резиденттігі туралы, қызмет түрі, жүргізілетін операциялардың қаржыландыру көзі туралы мәліметтер және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Банктің ішкі құжаттары мен рәсімдерінде көзделген өзге де мәліметтер мен құжаттарды және/немесе Халықаралық экономикалық санкциялармен белгіленген талаптарды орындау шеңберінде өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынуын талап етуге;

11.3.3. шот бойынша шығыс операцияларды орындаудан келесі жағдаларда бас тартуға немесе орындауды тоқтата тұруға:

- өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін Банкке қажетті құжаттар мен мәліметтерді Клиент ұсынбаған жағдайда және/немесе Банктің талаптарын қанағаттандырмайтын құжаттар мен мәліметтерді ұсынған кезде;
- Клиент Банкке шынайы емес, дұрыс емес, бұрмаланған, қарама-қайшы, толық емес ақпаратты берген кезде, оның ішінде Клиент Банкті және оның қызметкерлерін қасақана жаңылыстыру бойынша әрекет жасаған жағдайда;
- Банкте Клиенттің/Клиент контрагентінің операцияларына халықаралық экономикалық санкциялардың ықпалы әрекет ететініне немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталғанына негіздемелер болғанда;
- Банкке Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органның және/немесе лауазымды адамның шешімдері және/немесе өкімдері келіп түскен кезде;

11.3.4. Клиенттің Шотын:

- күмәнді немесе алаяқтық операциялар анықталған кезде;
- жеке кәсіпкер қайтыс болған немесе оның мұрагерлері шотты жабудан бас тартқан жағдайда;
- Клиент таратылған немесе жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған жағдайда, анықталғанға дейін бұғаттауға;

11.3.5. Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды қоса алғанда мынадай жағдайларда, бірақ олармен шектелмей:

- операцияларды зерделеу процесінде іскерлік қарым-қатынасты Клиент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және/немесе халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту мақсатында пайдаланады деген күдік туындағанда
- банктік шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуде бірнеше рет бас тартқан немесе Клиенттің банктік шоттары бойынша барлық операцияны тоқтатқанда;
- кез келген елдің (мысалы, АҚШ, ЕО, Ұлыбритания және басқалары) немесе халықаралық ұйымның (БҰҰ FATF және басқаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған Клиентке және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларына, бенефициарлық меншік иелеріне қатысты санкциялар болған кезде;
- Банкте Клиенттің/Клиент контрагентінің операцияларына басқа мемлекеттер тарапынан (мысалы, OFAC) санкциялар, халықаралық экономикалық санкциялардың ықпалы әрекет ететініне немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталғанына негіздемелер болғанда;
- егер Клиент халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын бұзса;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Банктің ішкі құжаттарында және рәсімдерімен көзделген;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада көзделген өзге де негіздер бойынша Шартты орындаудан біржақты бас тарту арқылы тоқтатуға құқылы;

11.3.6. Банкке берілген дербес деректер бойынша кез келген келісімдердің бірін қайтарып алу, олардың жарамдылығын әлдекімдердің даулау, Банкке берілген дербес деректер бойынша кез келген келісімдердің бірін жарамсыз деп тану, дербес деректер субъектілерінің Банкке берілген дербес деректерін пайдалана алмау (о.і. олар жойылған, бұғатталған, дара биліктен айырылған), Банкке дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін шаралар қолданған;

11.3.7. Қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі құжаттарында және/немесе осы Шарт талаптарында белгіленген жағдайларда Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды орнатудан бас тартуға;

11.3.8. Қолданыстағы заңнамада, осы Шартта қарастырылған жағдайларда Шот бойынша шығыс операцияларын уақытша тоқтатуға;

11.3.9. Шартта қарастырылған жағдайларда, Банкке бенефициар ретінде Клиенттің пайдасына төлем, аударым түскенде төлем құжатын орындаудан бас тартуға;

11.3.10. Шарттың талаптарына, Тарифтерге өзгерістер мен толықтыруларды Шарттың талаптарына сәйкес енгізуге;

11.3.11. Шартта қарастырылған жағдайларда, Клиенттің нұсқауларын орындаудан бас тартуға;

11.3.12. өзінің қалауымен Шотты ашуға және ол бойынша операциялар жүргізу үшін қажетті құжаттар тізіміне өзгерістер енгізуге, оның ішінде Қолданыстағы заңнамада тікелей қарастырылған жағдайларда;

11.3.13. үшінші тұлғалардың (мысалы, делдал банктің) қызметтерін пайдалануға. Банк өз міндеттемелері мен Клиенттің нұсқауларын орындаған және Клиентке Шартқа сәйкес өзге қызметерді көрсеткен кезде үшінші тұлғалардың (мысалы, делдал банктің) қызметтерін оның ішінде үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалану қажеттілігі Қолданыстағы заңнамада тікелей белгіленбеген жағдайларда, пайдалануға;

11.3.14. мұндай қызмет «Onlinebank Halyk» жүйесі арқылы тиісті шарт негізінде Клиентке көрсетілетін болса, Клиентке пошталық және/немесе электрондық мекенжай бойынша, SMS-хабарлар арқылы хабарламаларды, ақпараттық сипаттағы хабарларды жолдауға;

11.3.15. Клиенттің таратылу, банкрот болу немесе қайта құрылу жағдайларын, сондай-ақ Шартта көзделген басқа да жағдайларды қоспағанда, Шотқа қойылған талаптар орындалмаған, қолданыстағы заем шарттары, кепілдіктер (өзге шарттардың) болған кезде Клиентке Шотты жабудан бас тарту;

«11.3.15-1. Клиенттің Банкте ашылған шоттарын Банктің бонустық ниеттестік бағдарламалары бойынша акцияларға қатысқан кезде Клиент, үшінші тұлғалар жасаған алаяқтық операциялар, әрекеттер нәтижесінде Клиент алған ақшаны өтеу сомасына дебеттеуге, шоттарда ақша жеткіліксіз болған жағдайда, басқа банктерде, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Клиенттің шоттарына төлем талаптарын қоюға;»

11.3.16. Шартта қарастырылған жағдайларда Шотты жабуға;

11.3.17. Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімдерде Шотты ашу/жабу туралы мемлекеттік кірістер органдарына хабарлауға;

11.3.18. Клиенттен Шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындауды талап етуге;

11.3.19. клиенттен растайтын құжаттарды талап етпестен деректерді өзектендіру және мәліметтерді жаңарту үшін МДБ сервистерінен ақпарат, оның ішінде ЭҚЖЖ бойынша ақпарат алу;

11.3.20. Клиенттен, басқа тұлғалардан қолма-қол ақша қабылдауын тоқтатуы туралы өз бетінше шешім қабылдауға. Бұл туралы Банк Клиентті ақпаратты Банктің www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша веб-сайтында орналастыру жолымен және/немесе Onlinebank Halyk жүйесі бойынша хабарландырады.

11.3.21. Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарын Банктің ниеттестігінің бонустық бағдарламалары бойынша акцияларға қатысу кезінде Клиенттің, үшінші тұлғалардың алаяқтық операциялары, әрекеттері нәтижесінде Клиент алған ақшаны өтеу сомасына дебеттеу. Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарында ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиенттің басқа банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған шоттарына төлем талаптарын қоюға;

11.3.22. Шартта және Қолданыстағы заңнамада қарастырылған басқа да құқықтарды, оның ішінде Шарттан бас тарту құқығын іске асыруға **құқылы**.

11.4. Банк:

11.4.1. Шот бойынша қызметтерді, операцияларды Қолданыстағы заңнамаға, осы Шартқа және Клиенттің нұсқауларына сәйкес көрсетуге, жүргізуге;

11.4.2. Клиенттің пайдасына түскен ақшаны Шартта, Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде Шотқа есепке алуға;

11.4.3. Шартта, Қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіппен Шоттың жағдайы туралы ақпаратты Клиентке беріп тұруға;

11.4.4. Шарттың талаптарына, Тарифтерге өзгерістер енгізу туралы Шартта белгіленген тәртіп бойынша Клиентке хабарлауға;

11.4.5. Қолданыстағы заңнамада тікелей көзделген жағдайларды және Банктің Шартта көзделген үшінші тұлғаларға ашу жағдайларын қоспағанда, банктік құпияны құрайтын мәліметтерді таратпауға міндетті. Шартта көзделген жағдайлардан басқа Клиент Банкке жеке жазбаша келісімдердің негізінде өзге үшінші тұлғаларға банктік құпияны құрайтын мәліметтерді ашуға келісім/келісімдер беруі мүмкін. Бұл ретте Банк, егер банктік құпияны құрайтын мәліметтерді басқа тұлғаларға, яғни Банктің еншілес ұйымдарына Клиенттің өзі, Клиенттің Уәкілетті тұлғасы ашқан болса немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтер басқа ақпарат көздерінен өзге тұлғаларға ашылған болса, жауапты болмайды. Осы арқылы Клиент Банкке Шарт шеңберіндегі заңды негіздермен иелік ететін Клиенттің банктік құпиясын құрайтын мәліметтерін Ұйымдарға, коллекторлық агенттіктерге, Банк аудиторларына ашуға келісім береді. Бұл ретте Клиент банктік құпияны құрайтын мәліметтерді ашуға Банкке жазбаша келісім Шартқа 1-өтінішке қол қойған кезде берілгенін растайды.

11.4.6. Шартта және Қолданыстағы заңнамада белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

**12-бап. Санкцияланбаған төлемдер. Қате нұсқаулар.
Санкцияланбаған төлемдерден қорғану әрекеттері****1-бөлім. Санкцияланбаған төлемдер**

12.1. Клиент Банктің төлем құжатын орындаудың дұрыстығын анықтайды және де санкцияланбаған төлем құжаты орындалған жағдайда, оны анықтағаннан кейін ол туралы Банкке үш Операциялық күннің ішінде, бірақ осындай төлемді жүргізу сәтінен есептелетін талап қою мерзімі шегінде хабарлайды.

12.2. Клиенттен хабарлама алған кезде, Банк санкцияланбаған төлемнің себептерін, ықтимал қателерді, салдарын анықтау үшін қажетті деп санайтын шараларды қолданады. Банк нұсқауларды бастамалаған кезде Тараптардың әрқайсысы қорғану әрекеттерін қабылдау фактісін анықтауға, Тараптардың әрқайсысы Қолданыстағы заңнаманың нормаларын, Шарттың талаптарын сақтауды анықтауға бағытталған әрекеттерді орындай алады.

Егер Клиент төлем құжатын «Onlinebank Haluk» жүйесі арқылы жіберсе, санкцияланбаған төлемдер бойынша мәселелерді реттеу «Onlinebank Haluk» жүйесінде банктік қызмет көрсету шартының талаптарын ескере отырып, іске асырылады.

12.3. Егер Банк бенефициардың банкі болмаса және де санкцияланбаған төлемдер фактісі анықталған кезде, Банк санкцияланбаған төлем бойынша бенефициардың банкіне ақшаны қайтару туралы хабарламаны жолдайды. Хабарламаның нысанын Банк өз бетінше белгілейді.

12.4. Бенефициардың банкі санкцияланбаған төлем бойынша ақшаны қайтармаған/қайтаруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, сондай-ақ Клиент санкцияланбаған төлем туралы Банкке уақтылы хабарлап, Банк ары қарай осындай төлем құжатын орындаған жағдайда, Банк пен Клиент өзара қатынастарын Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келіссөздер жүргізу арқылы реттейді.

12.5. Осы бөлімнің талаптары Клиенттің төлем құжатын қайтарып алу және тоқтата тұру туралы өкімдеріне де жүреді.

12.6. Егер Банк себептерін, ықтимал қателерін, салдарын анықтау үшін шараларды қолданғанда Клиент төлемді қорғану әрекеттерін, Қолданыстағы заңнаманың нормаларын, Шарттың талаптарын сақтай отырып жүргізілгені анықталса, Банк Клиенттің хабарламасын қарауды тоқтатуға құқылы.

12.7. Банк төлемді жүргізу кезінде қорғану әрекеттерінің тәртібін сақтамаса, бірақ сонда да бенефициар ақшаны Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте алған болса, жауапкершілікті көтермейді.

2-бөлім. Қате нұсқаулар

12.8. Клиент төлем құжатының орындалуының дұрыстығын анықтайды және ол қате орындалған жағдайда, қате төлемді орындауды анықтағаннан кейін Банкке анықталған қате туралы үш Операциялық күннің ішінде, бірақ қате нұсқауды орындағаннан кейін үш жылдан кешіктірмей хабарлайды. Қате төлем туралы хабарламада Клиент төлем құжатының деректемелерін және ол анықтаған қате деректемелерді көрсетеді. Егер қатені Клиент жіберсе, қате орындалған төлем құжаты бойынша жауапкершілікті көтермейді.

Осы арқылы, егер қатені Клиент, оның Уәкілетті тұлғасы жіберсе, Клиент Банк қате орындаған төлем құжатына байланысты тәуекелді өзіне қабылдайтынын хабарлайды.

12.9. Егер қате төлемді Банк жіберсе, оның пайдасына қате төлем жүргізілген бенефициарға немесе бенефициарға банктік шот ашылған банкке төлемнің қателігі фактісін растайтын құжаттарды қоса ұсынып, қате төлемді қайтару қажеттілігі туралы хабарлама жолдайды.

3-бөлім. Санкцияланбаған төлемдерден қорғану әрекеттері

12.10. Клиенттен нұсқау, төлем құжатын кері қайтару немесе тоқтата тұру туралы өкімді қабылдаған кезде санкцияланбаған төлемнен қорғану әрекеттері тәртібінде санкцияланбаған төлемдерден қорғану әрекеттерінің мына элементтерін қоса, бірақ онымен шектелмей қолданылуы мүмкін:

Клиент, оның Уәкілетті тұлғасы Банкке келіп төлем құжатына өз қолымен қол қою. Клиенттің, оның Уәкілетті тұлғасының төлем құжатындағы қолы қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар құжатта көрсетілген қолмен сәйкес келмеген жағдайда, Банк қолтаңбаны сәйкестендіру рәсімдерін жүргізуге құқылы, ал Клиент, оның Уәкілетті тұлғасы қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар құжаттың теріс жағында өзінің ТАӨ (әкесінің аты болған жағдайда) толық көрсетуге міндеттенеді. Бұл ретте Тараптар төлем құжатындағы мөр бедерінің (болған жағдайда) және қолтаңбалардың сыртқы белгілері бойынша Клиент берген құжаттағы мөр бедері мен қолтаңба үлгілерімен шолу олардың шынайылығын дәлелдеу болып саналатынын растайды;

төлем құжатына Клиент, оның Уәкілетті тұлғасы электрондық цифрлық қолтаңба қояды; төлем қызметін көрсету барысында Банк Клиентті, оның Уәкілетті тұлғасын динамикалық сәйкестендіруді қолданады;

Клиент, оның Уәкілетті тұлғасы өзі келген жағдайда, Клиенттің, оның Уәкілетті тұлғасының жеке басын жеке басты куәландыратын құжаттың түпнұсқасы бойынша тексеру;

қорғанудың Банк белгілеген басқа да тәсілдері (кейінгі бақылау, сәйкестендіріп тексеру және басқалар).

Банк Клиенттің, оның Уәкілетті тұлғасының сәйкестендіру құралдарының үшінші тұлғалардың қол жеткізуінен сақтауды қамтамасыз етеді.

13-бап. Банктің комиссиялық сыйақысы

13.1. Клиент Банк Шартта қарастырылған қызметтерді, орындаған операцияларды, Банк үшінші тұлғалардың Тарифтерде қарастырылған мөлшерде, валютада комиссиялар түрінде нұсқауларын орындағанын қоса, өтейді.

Тарифтер Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде, www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша Банктің веб-сайтында орналастырылады.

13.2. Қызмет көрсетілгенге, операция жүргізілгенге дейін Клиент Банктің филиалында/бөлімшесінде, www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша Банктің веб-сайтында Тарифтермен танысады. Сондай-ақ, Банк қызметкері Клиентке Банк көрсететін қызметі үшін алатын комиссияның мөлшері туралы ақпаратты ол қызмет алуға байланысты Банкке жүгінген кезде хабарлайды.

13.3. Төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша қызмет көрсету, операция жүргізу үшін комиссия Шоттан тікелей қызмет көрсеткен кезде төлемнің және (немесе) ақша аударымның, операцияның сомасынан бөлек, төлемнің немесе аударымның, операцияның сомасынан шегерусіз алынады. Бұл ретте Банк қызметкері Клиентке тарифтің мөлшері туралы хабарлайды. Комиссиялық сыйақыны төлеу Қызмет көрсетілгенге дейін жүзеге асырылады.

Комиссиялар төлемнің және (немесе) ақша аударымның сомасынан шегеру арқылы мына жағдайларда:

- егер бұл Клиент бенефициарының Клиент бенефициарына қызмет көрсететін банкімен, банктік операциялардың жекелеген түрлерін іске асыратын ұйыммен жасаған шартында қарастырылған болса;

- халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша, Клиент бенефициарының шоты Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жердегі қаржы институтында ашылған кезінде;

- халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша, Шотқа ақша Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан қаржылық ұйымдардағы ақша жөнелтушілердің шотынан түскен кезінде алынуы мүмкін.

Сондай-ақ төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша қызмет көрсету, операцияны жүргізу үшін комиссияны Клиент төлемнің және (немесе) ақша аударымның/операцияның сомасынан қолма-қол ақшамен Қолданыстағы заңнамадағы шектеулерді сақтай отырып, бөлек төлей алады. Бұл ретте Банк қызметкері Клиентке тарифтің мөлшері туралы хабарлайды. Комиссиялық сыйақыны төлеу қызмет көрсетілгенге дейін жүзеге асырылады.

13.4. Банкке комиссиялық сыйақыны төлеу үшін Шотта ақша жетіспеген жағдайда комиссия бойынша берешек сомасы ол толық өтелгенге дейін картотекаға жіберіледі. Картотека бойынша барлық берешек Шотқа ақша түскен кезде автоматты түрде есептен шығарылады.

14-бап. Тараптардың жауапкершілігі

14.1. Тараптар Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілік арқалайды.

14.2. Банк:

14.2.1. Клиенттің төлем құжатын орындаудан негізсіз бас тартқаны үшін. Бұл жағдайда Банк Клиентке бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде залалын өтейді;

14.2.2. Банктің кінәсі бойынша санкцияланбаған немесе қате төлемді, аударымды жүргізгені үшін. Бұл жағдайда Банк Клиентке қызмет, операция үшін төленген комиссияның мөлшерінде залалын өтейді.

14.2.3. Банктің кінәсі бойынша төлем құжатын мезгілсіз орындағаны үшін Банк Клиентке бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде залалын өтейді;

14.2.4. Банктің кінәсі бойынша ақшаны мезгілсіз Шотқа есепке алу үшін және үшінші тұлғадан – ақша жөнелтушіден түскен ақшаны Шотқа есепке алудан негізсіз бас тартқаны үшін Банк Клиентке бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

14.2.5. Клиенттің келісімі бойынша ақпаратты үшінші тұлғаларға ашуды, ақпаратты ұсынудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда, банктік құпияны құрайтын мәліметтерді таратқаны үшін жауапты.

Осы тармақтың 14.2.1 - 14.2.4 тармақшаларында көрсетілген сомаларды алу үшін Клиент Банкке жазбаша өтінішпен жүгінуі тиіс. Банк Клиенттің өтінішін қараған соң сома Клиент көрсеткен, Банкте ашылған Шотқа есепке алу арқылы төленуі мүмкін;

Банк Клиентке Шарт бойынша жіберіп алған пайдасын өтеп бермейді.

14.3. Банк мыналар үшін:

14.3.1. Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың анық емес, толық емес немесе дәл емес нұсқауларының салдарынан және де Банкке байланысты емес себептермен пайда болған Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

14.3.2. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Уәкілетті органдардың шешімдері/іс-әрекеттері негізінде жүргізілген Шот бойынша операцияларды тоқтата тұру және/немесе Шоттағы ақшаға тыйым салу салдарынан Клиентке келтірілген залалдар үшін, сондай-ақ Клиенттің ақцептін талап етпейтін инкассолық нұсқаулар және/немесе төлем талап-тапсырмалары негізінде Клиенттің Шотынан ақшаны үшінші тұлғалардың келісімінсіз өндіріп алуы салдарынан Клиентке келтірілген залалдар үшін;

14.3.3. Шарт бойынша Тараптар міндеттемелерінің бұзушылығына әкеп соқтырған үшінші тұлғалардың қызметі үшін, оның ішінде төлемді шетелдік валютамен жүргізу барысында шетелдік банк корреспонденттің іс-әрекеттері үшін. Алайда, үшінші тұлғалардың сондай іс-әрекеттері себебімен Клиент ықтимал және/немесе нақты залалдарды көтерген немесе сондай жағдайға қойылған болса, Банк қалыптасқан жағдайды шешуге және сондай залалдарды болдырмауға барлық қолынан келетін көмегін көрсетеді;

14.3.4. уәкілетті және/немесе уәкілетті емес тұлғалар Банкке жалғандықтың айқын белгілері жоқ көрсетілген құжаттарды берген жағдайларда. Банк қызметкері тек көзбен шолу арқылы Клиенттің төлем құжаттарына/төлем құжаттарының пікірлеріне қойылған қолтаңбасы мен мөр бедерін салыстырып тексереді.

14.4. Клиент, сонымен қатар Клиенттің атынан Уәкілетті тұлға әрекет еткен жағдайда:

14.4.1. Шарт бойынша қызметтерді алу, операцияларды жүргізу үшін толық емес, шынайы емес ақпарат ұсынғаны үшін;

14.4.2. төлем құжаттарында деректемелерді қате көрсеткені үшін;

14.4.3. Қолданыстағы заңнамада және Шартта белгіленген өзге де жағдайларда жауапкершілік көтереді.

14.5. Үшінші тұлғалардың нұсқаулары (инкассолық нұсқаулары, төлем талап-тапсырмалары) бойынша Клиенттің келісімінсіз Шоттан ақшаны алып алудың негіздемелігі үшін жауапкершілікті сондай нұсқаулардың бастамашылары, жіберушілері (өндіріп алушылар) көтереді. Мұндай жағдайларда Банк Шоттан Клиенттің келісімінсіз ақшаны есептен шығаруға қарсы Клиент наразылығының мәні бойынша қарамайды;

14.6. Шот бойынша операцияларды негізсіз уақытша тоқтата тұрғаны, мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қойылғаны және Шоттағы ақшаға тыйым салғаны үшін жауапкершілікті Клиенттің Шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұру және (немесе) мүлікке иелік етуге уақытша шектеу және (немесе) Шотта орналасқан ақшаға тыйым салу туралы шешімді ұсынған Уәкілетті орган көтереді.

15-бап. Дүлей күш жағдайлары (форс-мажор)

15.1. Егер мұндай орындамау немесе тиісті түрде орындамау дүлей күш жағдайлары салдарынан туындаса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

15.2. Осы Шарттың мақсаттары үшін Тараптар дүлей күш жағдайларына (форс-мажор) мыналарды қоса, бірақ онымен шектелмей: су тасқындарын, өртті, соғыстарды, көтерілістерді,

ереуілдерді, төңкерістерді, тәртіпсіздіктерді, наразылықтарды, мемлекет меншігіне айналдыруды, мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып алуларды, нормативтік құқықтық немесе орындалуға міндетті басқа актілерді шығару, Тараптардың қызметкерлері, басшылары, Уәкілетті тұлғалары болып табылмайтын тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері, сондай-ақ орталық, ұлттық және өзге банктердің электрондық жүйелеріндегі /желілеріндегі шекті қателіктер, іркілістер мен банктерге төлемдер жүргізуге кедергі келтіретін басқа жағдайларды жатқызады.

15.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау дүлей күш(тер) жағдайларымен байланысты болған жағдайда, оларға ұшыраған Тарап жағдайларды сипаттап, дүлей күш жағдайлары туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа осындай жағдайлардың басталғаны жөнінде хабардар етуге (жазбаша түрде, телефон арқылы, факс арқылы немесе басқа байланыс арналары арқылы), сондай-ақ екінші Тарапқа қатысты ысырап немесе залалды төмендету үшін мүмкін болатын барлық әрекетті қолдануға және Шарт, Талаптар бойынша міндеттемелерді орындауға өзінің қабілеттілігін қалпына келтіруге тиіс. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау дүлей күш жағдайларымен тікелей байланысты болған жағдайларды қоспағанда, хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт, Талаптар бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіздемелер ретінде кез келген дүлей күш жағдайларына сілтеме жасау құқығынан айырады.

16-бап. Шарттың әрекеті. Шотты жабу. Шартты бұзу, тоқтату

16.1. Шарт Банктің 1-өтінішті қабылдаған және оған барлық қажетті белгілер қойылған күннен бастап күшіне енеді.

16.2. Шарт мерзімсіз қолданылады.

16.3. Клиент Банкке Шарт бойынша ашылған бір немесе бірнеше Шоттарды осындай Шоттарға қойылған орындалмаған талаптар, Шоттағы ақшаға ауыртпалықтар болмаған кезде жабуға өтінішті/өтініштерді Шартты бұзусыз беруге құқылы(ең болмаса бір Шот ашық болып қалған кезінде). Бұл жағдайда Банк оларға қойылған орындалмаған талаптары жоқ, Шоттағы ақшаға ауыртпалықтары жоқ әрбір шотты Клиенттен шотты жабуға өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмейтін мерзімде жабады.

Клиент қайта ұйымдастырылған, таратылған, о.і. жеке кәсіпкер ретінде тіркеу органынан тіркеуден алынған жағдайларды қоспағанда, Шотта/Шоттарда орындалмаған талаптар болған, Шоттағы/Шоттардағы ақшаға ауыртпалықтар болған кезде Шотты/Шоттарды жабуға жол берілмейді.

16.4. Банк Клиенттің өтінішінсіз Шартты бұзбай Шотты немесе бірнеше Шотты жабуға (ең болмаса бір Шот ашық болып қалған кезінде) мына жағдайларда құқылы:

16.4.1. Шотта бір жылдан астам ақша болмауы;

16.4.2. Шотта бір жылдан астам ақша қозғалысының болмауы;

16.4.3. Шотта/Шоттарда бір жылдан артық ақша қозғалысының болмауы және Шотта/Шоттарда ақша қалдығының болуы. Бұл жағдайда Банк ақша қалдығын нотариустың депозитіне немесе Клиенттің Банкте ашылған басқа банктік шотына аударып, Шотты/Шоттарды жабуға құқылы (жеке кәсіпкерлер үшін ақшаны БЖЗҚ-да ашылған міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін шотқа аудару).

16.5. Банк осы мерзім өткеннен кейін Клиентке:

- бар байланыс деректері бойынша смс-хабарлама, пуш-хабарлама жіберу;

- тиісті хабарламаны Банк сайтында және БАҚ-та жариялау арқылы Шот жабуды шамалаған күнге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын хабарлайды.

Ақпаратты Банк сайтында, БАҚ-та немесе смс-хабарламаларда жариялаған кезде жабылуы тиіс шоттардың нөмірлерін Банк жасырып көрсетеді.

16.6. Шартты бұзу мына жағдайларда іске асырылады:

16.6.1. Клиент Шарттан бас тартқан жағдайда (Шартты орындаудан бас тарту);

16.6.2. ол Шартты орындаудан, о.і. осы Шарттың 11.3.5-тармақшасына сәйкес біржақты бас тарту жағдайында Банк өз бетінше іске асырады;

16.6.3. Тараптардың келісуі бойынша;

16.6.4. Клиенттің таратылуына, жеке кәсіпкердің қайтыс болуына байланысты қызметі тоқтатылған жағдайда;

16.6.5. Қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларда.

16.7. Шарт бойынша ашылған Шоттардың ешқайсысына орындалмаған талаптар болмаған, Шоттардағы ақшаларға ауыртпалықтар болмаған жағдайда, Клиент Шартты бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жазбаша хабарлама жолдап, Шарттан бас тартуға құқылы. Хабарландырумен қоса, Клиент Банкке Шарт бойынша ашылған барлық Шоттарды жабуға өтінішті ұсынуы тиіс. Банк Шартты бұзудың Клиент көрсеткен күнінен 10 жұмыс күннен кешіктірмей Шоттарды жабады.

16.8. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің шотын бюджетті орындау бойынша орталық уәкілетті органның рұқсаты негізінде жабу рұқсатты қайтарып алған немесе оның мерзімі өткен жағдайда, іске асырылады.

16.9. Клиенттің – заңды тұлғаның қызметі оның таратылуына байланысты тоқтаған немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркеу органында тіркеу есебінен алынған жағдайда, Шарттың әрекеті тоқтатылады. Банк осындай Клиенттің Шарт бойынша Шотын/Шоттарын жабуды заңды тұлғаның қызметін тоқтатуы туралы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлердің ұлттық тізіліміне енгізілген мәліметтердің немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркеу органында тіркеу есебінен алынғаны негізінде іске асырады.

16.10. Банк Шоттың жабылғаны туралы мемлекеттік кірістер органына Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде хабарлайды.

16.11. Банк Шартты орындаудан бас тартқан кезде, Банк сондай-ақ Қолданыстағы заңнамада қарастырылған басқа да әрекеттерді орындайды.

16.12. Шартты бұзған кезде Тараптар арасындағы өзара есептесулерді толықтай орындауға міндеттенеді. Банк Шоттан ақша қалдығын нотариустың депозиті шартында және/немесе жеке кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін БЖЗҚ-да ашылған шотқа немесе жеке тұлғаның Банкте Клиенттің атына ашылған шоттарына (ағымдағы, жинақ) аударған жағдайда, Банк Клиент алдынағы міндеттемесін орындаған болып есептеледі.

17-бап. Қорытынды ережелер

17.1. Осы Шарт Тараптардың өзара толық түсінушілігін білдіреді және өзі олардың арасында Клиенттің Шотын ашу, жүргізу және жабу тәртібіне қатысты орын алған алдында болған барлық жазбаша немесе ауызша келісімдер мен келісушіліктерді ауыстырады.

17.2. Банк Шартқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер/орындалып жатқан операциялар үшін Тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде, Банк осындай өзгерістер, толықтырулар туралы Клиентке осы тармақта белгіленген тәртіпте хабарлауы тиіс. Хабарлау мынадай тәсілдермен орындалады:

1) Банктің www.halykbank.kz корпоративтік веб-сайтында өзгерістерді, толықтыруларды енгізген Банктің органының шешімі күшіне енетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жариялау арқылы:

Шартқа өзгерістерді, толықтыруларды Шартты жаңа редакцияда/Шартты өзгерістерін, толықтыруларын көрсете отырып, жариялау арқылы,

Тарифтерге өзгерістерді, толықтыруларды тиісті Тарифтерді жаңа редакцияда/Тарифтерді өзгерістерін, толықтыруларын көрсете отырып, жариялау арқылы;

2) Шоттағы кредиттік қалдыққа қатысты Клиентке Шарттың 17.4-тармағында көрсетілген тәсілдердің біреуі бойынша хабарламаны Банктің уәкілетті органының сыйақы

мөлшерлемесін өгерту туралы шешімі күшіне енгенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жолдау арқылы.

Осындай хабарламаны алғаннан кейін Клиент өзгерістермен, толықтырулармен келіспеген жағдайда, Клиент бұл туралы өзгерістер, толықтырулар күшіне енген күнінен кешіктірмей, Банкке жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Сондай-ақ Клиент Банкке дәл осындай мерзімде Шартты бұзу туралы тиісті жазбаша хабарламаны жолдап, Шарттан бас тартуға құқылы.

Клиент Шартқа және/немесе Тарифтерге өзгерістермен, толықтырулармен байланысты немесе басқа да негіздеме бойынша өзгерістер, толықтырулар күшіне енетін Банк белгілеген күнге дейін қарсылықтарын және/немесе Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама ұсынбаған жағдайда немесе Клиент қарсылықтарын Банк белгілеген күннен кешіктіріп берген жағдайда, Шарт, Тарифтер, сыйақы мөлшерлемесі Банк белгілеген күннен бастап өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, әрекет етеді.

17.3. Қызметтер көрсетілу, операциялар орындалу барысында Клиент пен Банк арасында өзара қатынас үшін Шарттың әрекет ету мерзімінде, соның ішінде Шартта тікелей қарастырылған жағдайларда, төлем құжаттарынан бөлек Тараптар бір-біріне жазбаша хабарламалар жолдай алады.

Бұл ретте Банк жіберген жазбаша хабарламасын Клиент мынадай жағдайларда алған болып есептеледі:

- қолма-қол (куррьер арқылы) жіберген жағдайда – тиісті белгісімен алған күні;
- тапсырыс хатпен жолдаған жағдайда – жібергеннен кейін күнтізбелік 4 (төртінші) күні (жіберу кезінде пошта ұйымы берген құжат күні бойынша);
- электрондық поштамен жіберген кезде – жіберу күні;
- «Onlinebank Haluk» жүйесі арқылы жіберген кезде – жіберу күні.

Клиент жіберген жазбаша хабарламасын Банк мынадай жағдайларда алған болып есептеледі:

- қолма-қол (куррьер арқылы) жіберген жағдайда – тиісті белгісімен алған күні;
- тапсырыс хатпен жолдаған жағдайда – жіберу күнінен кейін күнтізбелік 4 (төртінші) күнінде (жіберу кезінде пошта ұйымы берген құжаттың күні бойынша);
- «Onlinebank Haluk» жүйесі арқылы жіберген жағдайда – жіберу күні.

17.4. Клиент пен үшінші тұлғалар арасында сот талқылауларына тартудың салдарынан Банктің шеккен кез келген шығындары, сондай-ақ Банк пен Клиент қатынастарының салдары ретінде пайда болып шығуы мүмкін, Банктің Тарифтерге сәйкес комиссиялық сыйақы алумен байланысты емес басқа шығындар Клиенттің шотына жатқызылады. Банк Клиентке шығын сомалары көрсетілген шотты төлеуге ұсынады. Клиент көрсетілген шотты алған сәтте оны дереу төлеуге міндетті.

17.5. Клиенттің төлем қызметтерін көрсету, операцияларды орындау, Шартта қарастырылған өзге де қызметтерді көрсету барысында орын алатын наразылықтарын Банк Банктің ішкі құжаттарында және Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте және мерзімде қарайды. Клиент телефон арқылы хабарласқан жағдайда, Банк Клиентпен телефон сұхбатын жазуды, оның келісімі бойынша, сұхбаттың басында ескерте отырып, жүргізуге құқылы.

Банк Клиентке наразылық жолдаған жағдайда, Клиент өз наразылығына Банктен жауап алған жағдайда, егер жауап Клиентті қанағаттандырмаса, Тараптар жағдайды келіссөздер жүргізу арқылы реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді. Келіссөздерді жүргізу тәсілі, орны Тараптардың өзара келісімі арқылы анықталады.

Егер Тараптар келіссөздер барысында күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзімде келісімге келмесе, Тараптардың әрқайсысы дауды, келіспеушілікті шешу үшін, өз талабын қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының сотына жүгінуге құқылы. Тараптар жағдайға байланысты осы тармақта көрсетілген мерзімді екіжақты келісу бойынша ұзартуға құқылы.

Сотта қаралатын талапқа, дауға қолданылатын құқық болып Қазақстан Республикасының құқығы табылады.

Ақша жөлетушісі мен бенефициар арасында жасалған шарттарды орындау және олар бойынша өтеу талаптары бойынша өзара наразылықтар олардың өздерінің арасында, Банктің қатысуынсыз, тікелей қаралады.

17.6. Шартқа қатысы бар барлық құжаттар Шарттың талаптарына, Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілінде жасалуы тиіс.

Ағымдағы банктік шоттың
қосылу шартының
1-қосымшасы

**(ЕКІНШІ, КЕЙІНГІ) АҒЫМДАҒЫ БАНКТІК ШОТТЫ АШУҒА
ӨТІНІШ**

Клиенттің атауы

(толық атауы, егер бар болса – қысқартылған атауы, оның ішінде шет тілінде)

БСН/ЖСН

Бізге мәлім және біз үшін міндетті күші бар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес банктік шотты ашуыңызды өтінемін:

Шоттың түрі	Шоттың валютасы				
<input type="checkbox"/> ағымдағы	KZT	<input type="checkbox"/> USD	<input type="checkbox"/> EUR	<input type="checkbox"/> RUB	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/> транзиттік тәртіпте	KZT	<input type="checkbox"/> USD	<input type="checkbox"/> EUR	<input type="checkbox"/> RUB	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/> басқа валюта түрі/шот түрі	KZT	<input type="checkbox"/> USD	<input type="checkbox"/> EUR	<input type="checkbox"/> RUB	<input type="checkbox"/>

Шот бойынша кепілдік өтемнің ең жоғары (шекті) сомасы⁷:

- ұлттық валютада 10 миллион теңгеден аспайды

- шетел валютасында 5 миллион теңгеден аспайды

Кепілдікті өтем шоттағы қалдық сомасы негізге алына отырып төленеді, бірақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңының 18-бабында белгіленген кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайды.

Комиссияны есептен шығару үшін шотты көрсету _____

БСН/ЖСН	
Резиденттік белгісі	<input type="checkbox"/> Резидент <input type="checkbox"/> Бейрезидент
Экономика саласының коды	

Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес Клиент немесе Клиенттің атынан осы өтінішті және оған қосымшаны толтырған және оларға қол қойған тұлға, осы өтінішті және оған қосымшаны толтыру және қол қою арқылы Банкке өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге мынадай талаптарда келісімін береді:

1) Дербес деректерді қамтитын базаның операторы (оператор) – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (қысқартылған атауы), «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы (толық атауы), БСН 940140000385;

2) Жеке деректер субъектісі ретінде өтінішке қол қойған Клиенттің/Клиенттің өкілінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес өтініште төменде көрсетілген;

⁷ Аталған тармақ жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға қатысты қолданылады

3) Келісім қолданыста болатын кезең – оператор осы өтінішті қабылдаған күннен бастап және операторда қолданыстағы заңнамада/қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген өтінішті сақтау мерзімі өткен күнге дейін;

4) оператор Осы Келісімде көрсетілген менің дербес деректерімді оператордың үшінші тұлғаларына – еншілес ұйымдарына, Клиент осы өтінішке байланысты оператормен жасасатын шарттарда көрсетілген үшінші тұлғаларға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына (Дербес деректер субъектісінің келісімінсіз дербес деректерді беру заңнамада тікелей көзделмеген), олардың сұраныстары негізінде корреспондент банктарға беруге құқылы;

5) оператор Осы Келісімде көрсетілген менің дербес деректерімді өңдеу процесінде оларды Заңның 16-бабының 3-тармағына сәйкес трансшекаралық беруді жүзеге асыруға құқылы;

6) оператор жинайтын маған қатысты дербес деректердің тізбесі:

тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), оның ішінде жеке басын куәландыратын цифрлық құжатта қамтылғандар;

туған жылы, айы, күні және туған жері; азаматтығы;

жеке сәйкестендіру нөмірі;

жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

жынысы;

биометриялық мәліметтер;

тұрғылықты жері, заңды мекенжайы (тіркелген жері) туралы мәліметтер;

пошта және электрондық мекенжайлары, телефон нөмірі;

фотосуреті және бейне кескіні;

7) оператордың маған қатысты мәліметтерді Мемлекеттік деректер базасынан (МДБ) және Мемлекеттік емес деректер базасынан, оның ішінде болашақта МДБ мен мемлекеттік емес деректер базасына түсетін ақпаратты алуына операторға келісім беремін.

Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттары оператордың ішкі құжаттарында көрсетіледі

Осы өтініште көрсетілген деректердің кез келген өзгерісі туралы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеміз

(кері беті)

Бірінші қол (лауазымы)	_____ (Т.А.Ә., қолы)
Екінші қол (лауазымы)	_____ (Т.А.Ә., қолы) Мөр орны
Шотты ашатын Клиент/Клиенттің өкілі	_____ (Т.А.Ә., жеке куәліктің/төлқұжаттың деректері, сенімхаттың деректері)
Толтырылған күні:	20__ ж. «___» _____

БАНКТИҢ БЕЛГІЛЕРІ *(кері бетінде)*

(АБАЖ-да санкциялаудан кейін бұрыштама қойылады)	Шотты ашуға құжаттар тексерілді: Орындаушы _____ (лауазымы, Т.А.Ә., қолы)
Банктің санкция берушісі	Басшысы _____ (лауазымы, Т.А.Ә., қолы)
_____	(Т.А.Ә., қолы)

Клиент ұяшығының нөмірі: _____ (Банк толтырады).

Клиенттің Өтініш-сауалнамасына (заңды тұлғалар үшін өзі-өзі сертификаттау),
(екінші, кейінгі ағымдағы шотты) ашуға өтінішке
қосымша
(шоттарды транзиттік тәртіпте
ашқан кезде толтырылады)

1. Банк филиалының Оперб-да ашылған № _____
(шоттың нөмірі және филиалдың атауы)

шоттан транзиттік тәртіпте

күнде

аптасына бір рет

басқа тәртіп _____

_____ ашылған № _____ банктік шотқа есептен
шығару

Басшы

_____ (қолы)

МО

Бас бухгалтер

_____ (қолы)

2. Банк филиалының Оперб-нда ашылған № _____
(шоттың нөмірі және филиалдың атауы)

шоттан [транзиттік тәртіпте] [жинақтау тәртібінде]

күнде

аптасына бір рет

басқа тәртіп _____

_____ ашылған № _____ банктік шотқа есептен
шығару

Басшы

_____ (қолы)

МО

Бас бухгалтер

_____ (қолы)

3. Банк филиалының Оперб-нда ашылған № _____
(шоттың нөмірі және филиалдың атауы)

шоттан [транзиттік тәртіпте] [жинақтау тәртібінде]

күнде

аптасына бір рет

басқа тәртіп _____

_____ ашылған № _____ банктік шотқа есептен
шығару.

Басшы

_____ (қолы)

МО

Бас бухгалтер

_____ (қолы)

Ағымдағы банктік шоттың
қосылу шартының
2-қосымшасы



Банктік шотты ашу туралы хабарлама

Құрметті клиент!

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ _____ облыстық [өңірлік] [қалалық] филиалы біздің Банкте шот ашқаныңыз үшін өз алғысын білдіріп, ашылған банктік шоттың деректемелерін Сізге хабарлайды:

ЖСК: жеке сәйкестендіру коды _____
(банктік шоттың нөмірі)

шоттың түрі:

ағымдағы

KZT USD EUR RUB _____ валютаның басқа түрі

транзиттік тәртіпте

KZT USD EUR RUB _____ валютаның басқа түрі

шоттың басқа түрі

KZT USD EUR RUB _____ валютаның басқа түрі

Банктің атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Банктің БСК: HSBKZZKX

Банк филиалының орналасқан жері: _____

тел. _____, факс _____

лауазымы

Т.А.Ә., телефон

лауазымы

Т.А.Ә., телефон

Туындайтын мәселелер бойынша Алматы қаласындағы Банктің бас офисіне хабарласыңыз

Мекенжайы: А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40 үй;

Байланыс орталығының тел.:

8 (727) 259-07-77 (Алматы үшін) 8 8000 8000 59 (Қазақстан бойынша тегін),

e-mail: halykbank@halykbank.kz

Ағымдағы банктік шотқа
қосылу шартының
3-қосымшасы

Инкассоға қабылдауға өтініш

_____ к. _____ жылғы " _____ " _____
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа
Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес құрылған және Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі берген _____ (лицензиянің күні мен нөмірі)
лицензиясы негізінде әрекет ететін

_____ атынан
(заңды тұлғаның толық атауы)

негізінде _____ (өкілеттіктер беретін құжаттың деректемелері)
әрекет ететін

арқылы, мекенжайы: _____
(уәкілетті тұлғаның лауазымы және Т.А.Ә.)

Жеке басты куәландыратын құжат _____
(үй мекенжайы)
(N, сериясы, берілген күні, кім берген)

Мен Шарт шеңберінде тапсырған шетел валютасы сомаларын қайта санау кезінде анықталған банкноталарды Шарттың 4.7-тармағының 2) тармақшасына сәйкес құрастырылған тізімдеме актісі бойынша валютада, мөлшерінде, олардың номиналы, сериясы мен нөмірі, шығу жылы бойынша жалпы сомаға инкассоға қабылдауыңызды өтінемін.

Валютаны инкассоға қабылдау талаптарымен таныстым және Банктің Тарифтерінде белгіленген мөлшерде Банкке комиссиялық сыйақы төлеумен келісемін.

Эмитент банк (шетел банкі) инкассоға тапсырылған банкноталарды айырбастаудан және оларды айналымнан шығарудан бас тартқан жағдайда, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа ешқандай наразылығым жоқ.

Банк:

Клиент:

М.О

М.О.